SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

15.02.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№06 (8120)

AINA

КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРДЫҢ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ ӨСЕДІ 2-бет

SAIASAT

ЖАҢА СТРАТЕГИЯ – ЖАҢА БАҒДАР 3-бет

MÁDENIET

ЖЕТІ АСУДАН АСҚАН ӘН 4-бет

ÁLEÝMET

САЛҒЫРТТЫҚ САН СОҚТЫРМАСЫН 6-бет

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІКТЕРІ

партия конференциясында сөз болды

«Нұр Отан» партиясы Жезқазған қалалық филиалының қала басшысы Қайрат Бегімов төрағалық еткен кезектен тыс XXVII конференциясына кәсіпорын, мекеме басшылары мен мәслихат депутаттары, сондай-ақ, бастауыш партия ұйымдарының мүшелері қатысты. Күн тәртібіне «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы: жасампаздық және әлеуметтік даму кезеңі», ҚР Президентінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын іске асыру барысы мен «Нұр Отан» партиясының 2030 жылға дейінгі бағдарламасы жобасының негізі ережелерін талқылау мәселелері шығарылды.

►► *3-бетте*

15 АҚПАН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ

«СОҒЫС САЛҒАН ЖАРА ОҢАЙЛЫҚПЕН ЖАЗЫЛМАЙДЫ»

Ауғанстанда зеңбірекші болған интернационалист Бауыржан ЕСЕМСЕЙІТОВ осылай дейді

«...Туған жердің топырағы бұйырса деген жалғыз тілегім болды», – деп ауыр күрсінген Бауыржан Қазтайұлы Есемсейітовтің ауған жерінде өткізген екі жыл өмірінің әр күні кешегідей сағат, минутына дейін есінде. Жүрегіне жара салған сол күндерді ұмыту әрине, оңай емес. Бәрі-бәрі артта қалды деп өзін іштей жұбатып, енді ұмыттым дегенде қарулас достары мен дұшмандармен қақтығыс түсіне кіріп, өн бойын салқын тер басады әлі де. Бастан кешкен қиыншылықтар мен сұм соғыстың естеліктерімен күресіп, арпалысқанына міне, 32 жылдың жүзі болды.

Жастайынан әкеден қалған Бауыржан Есемсейітовтің сарбаз сапына алынуы екі талай-тын. Өйткені, отбасы асыраушысынан айрылған тұста олай болуы да мүмкін емес еді. Дегенмен, тағдыр таңдау жасауға мұрша бермеді. Арқалық қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық институтта оқып жүрген Бауыржан 1985 жылдың 27 мамырында әскерге алынды. Алғашқыда үш ай бойы Жамбыл облысындағы Отар қалашығында зениттік бөлімде әскери өмірге дағдыланады.

►► *5-бетте*

«БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ЖАСТАРДЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫНА АЙНАЛУЫ КЕРЕК»

Жастар жылы ресми басталысымен ел аумағында ірі жоба-жоспарлар жарияланып, түрлі деңгейдегі жиындар өтуде. Сондай жиынның бірі Астанада, ҚР Парламент Сенатының қабырғасында өткен. Оған қаламыздан Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі, гуманитарлық ғылымдар магистрі Арман КЕНЖЕБЕК қатысқан болатын.

– Арман, өткен аптада Астанада ҚР Парламент Сенатында жастардың, қоғамдық ұйым өкілдерінің қатысуымен үлкен бір іс-шара өтті. Оған Жезқазған аймағынан өзің де қатыстың. Сол іс-шара туралы айта отырсаң? Ол не жиын, кімдер қатысты, мақсаты қандай?

– Иә, Сенатта «ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңды іске асыру және Жастар жылын өткізу аясында мемлекеттік органдардың, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың алдында тұрған міндеттер» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы болды. Оған ҚР Білім және ғылым министрі Е. Сағадиев, ҚР қоғамдық даму министрі Д. Кәлетаев, ҚР мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы, ҚР ұлттық экономика министрі Т. Сүлейменов, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н. Әлтаев пен ҚР Парламентінің Сенат және Мәжіліс депутаттары, сондай-ақ, еліміздің әр аймағынан жиналған 100-ден аса белсенді, креативті әрі көшбасшы жастар қатысты. Іс-шараның өтуіне ҚР Парламенті Сенатының депутаты Б.Әйтімова төрағалық ететін Сенаттың әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті мұрындық болды. Аталмыш жиынға біздің өңірден менен басқа Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мирас Құттыбай, Қарағанды облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Ақжол Құрмансейіт қатысты. Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев жиынның алғысөзінде Елбасымыз жария еткен Жастар жылының ең басты мақсаты – өскелең ұрпақтың барынша сапалы өмір сүруіне қажетті жағдай жасау, жастар – бұл мемлекетіміздің күш-қуатын еселейтін ең негізгі, мықты буын екенін атап өтті.

►► *5-бетте*

МЫСТЫ ШАҢАР МӘДЕНИЕТІ

Жезқазған қаласының құрылғанына 65 жыл толатын болса, оның дәстүрлі өнер мерекесі «Ұлытау үні» биыл 29-шы жыл қатарынан жалауын көтергелі отыр. Еліміз Тәуелсіздік алардың алдында өмірге келген фестиваль халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің шынайы қолдаушысына айналды. «Бұлақ көрсең көзін аш» демекші, талай жас өскіннің өнердегі тұсауы осы жерде кесіліп, тума таланттардың танылуына Жезқазған фестивалінің себепкер болғаны анық. Бүгінде елімізге танымал болып жүрген бір шоғыр өнерпаздың ең алғаш «Ұлытау үнінің» киелі сахнасында өнер көрсетіп, біртіндеп қияға қанат қаққандарын ризашылықпен еске алатындықтарын жиі естіп жүреміз. Иә, халық шығармашылығының қайнар көзі бола білген фестиваль осы жылдар ішінде мысты қала тарихымен бірге жасап, аймақ өнерінің айшықты бойтұмарына айналды. Оның ширек ғасырлық тарихы тасқа басылып, 2015 жылы «Ұлытау үні» фестивалі» атты арнайы кітап шығарылды.

«ҰЛЫТАУ ҮНІ» – АЙМАҚ ӨНЕРІНІҢ БОЙТҰМАРЫ

«Ұлытау үні» фестивалі Тәуелсіздікті аңсап, ұлттық өнерге шөліркеп жүрген кезде жарқ етіп көрінуімен ыстық. Әрі бүгінге дейін өз жолынан жаңылмай, жаңарып, жалғасып келе жатқанымен құнды. Сонау сексенінші жылдың соңына қарай ұлттық өнер майталмандарын насихаттап, мұраларын жаңғыртып халыққа ұсынуға ұлтжанды азаматтар мұрындық болып, ұйыса жұмылған еді. Соның нәтижесінде бірыңғай ұлттық өнердің туын көтеретін фестиваль өмірге келді. Фестиваль аясында руханиятымыздың айтулы тұлғалары Әсеттің, Шашубайдың, Тайжанның, Сайдалы Сары Тоқаның, Қожабайдың, Шортанбай ақынның, Ықылас қобызшының мәйекті мұраларын жас ұрпаққа жеткізуге арналған шұрайлы кештер өткізілді. Бұл үрдіс келе-келе бүгінде өз ортамызда жүрген ақындар мен қаламгерлердің шығармашылық кешіне ұласқан еді. Ел ішіндегі қарт ақын Нұрәсила Бәрменбаеваның, жыршы, термеші Шынболат Ділдебаевтың және Алаштың айтулы ақыны Ғалым Жайлыбайдың жыр кештерінен бастау алған ізгі дәстүр кейін жезқазғандық талантты ақындар Ғазиз Ештанаевтың, Батырбек Мырзабековтің, Кенжебай Ахметовтің, Ибрагим Бекмаханұлының, Базарбай Әлеуханұлының, Бағдат Байжантаевтың және басқа да қаламгерлер мен өнерпаздардың шығармашылығына арналған шараларға ұласты. Жыршы, термеші, күйшілердің сайысын өткізумен қатар біраз жыл дүбірлі айтыстардың да ұйтқысы осы фестиваль болды. Ол замандағы партияның ұстанымы белгілі, бірыңғай қазақ өнерінен тұратын концерттің өзіне түрлі ұлттардың ән-билерін араластырмаса көңілдері күпті болып тұратын. Сондықтан да фестивальдің алғашқы ұйымдастырылу кезеңі біраз сүзгіден өтіп, жан-жақты талқылау арқылы шешілгенін көпшілік жұрт біле қоймауы да мүмкін.

Сол кезеңде халық депутаттары облыстық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, «Ұлытау үні» фестивалінің алғашқы ұйымдастырушыларының бірі Сағындық Қожамсейітов: «Бірталай пікірталас, толғаныс, жасқаншақтық пен тәуекел тартысында ел ішіндегі шығармашылық пен өнерге арналған «Ұлытау үні» фестивалі дүниеге келді.

Фестивальдың атын қойған қазақтың ұлттық мәдениеті мен рухани қазынасына жанашыр игі жақсылардың бірі, ақын-журналист марқұм Сайлаухан Нәкенов болса, оның қолдаушысы мен қошеметшісі облыстық «Сарыарқа» (бұрынғы «Жезқазған туы») газетінің ұжымы мен оқырмандары болды» дейді.

►► *4-бетте*

БАСПАСӨЗ – 2019

Құрметті оқырман!
Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетіне 2019 жылға жазылу науқаны жыл бойы жалғасатынын хабарлаймыз!

ГАЗЕТКЕ БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:

Редакциядан келіп алу – 2700 теңге;

Мекенжайға жеткізіп беру – 3700 теңге.

КӘСІПОРЫНДАР ҮШІН:

Редакциядан келіп алу – 5500 теңге;

Мекенжайға жеткізіп беру – 6400 теңге.

Газетке жазылу ақысы редакцияның есепшотына аударылуы керектігін естеріңізге саламыз! Қосымша мәліметтерді келесі телефон нөмірлеріне 8(7102)710055, 775025 хабарласу арқылы біле аласыздар.

Біздің мекенжай: Жезқазған қаласы, І.Есенберлин к-сі, 63/3 («Матадор» мейрамханасының жаны).

SARYARQA-АҚПАРАТ

АСТАНАДА – АУЫС-ТҮЙІС

Аптаның сейсенбі, сәрсенбі күндері Астанада бірқатар кадрлық ауыс-түйістер болды.

Мемлекет басшысының өкімімен Қалмұханбет Қасымов Ішкі істер министрі лауазымынан босатылып, ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы болып тағайындалды. Ал, министр креслосына бұған дейін ІІМ орынбасары қызметін атқарған Ерлан Тұрғынбаев жайғасты.

Қауіпсіздік кеңесінің хатшылығына былтыр ғана тағайындалған Ғабит Байжанов бұрынғы орнына – «Сырбар» сыртқы барлау қызметіне директор болып тағайындалды.

Сондай-ақ, сәрсенбі күні «Нұр Отан» партиясының мүшесі Нұржан Бауыржанұлы Әлтаев Парламент Мәжілісінің депутаты болды. Ол бұған дейін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі лауазымын атқарған болатын.

БҮГІН ЭКСПО АУМАҒЫНДАҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ САТЫЛЫМЫ БАСТАЛАДЫ

«Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы – «Бәйтерек девелопмент» АҚ 2019 жылдың 15 ақпанында сағат 10:00-ден бастап елордадағы ЭКСПО аумағында орналасқан тұрғын үй кешенінде («EXPO Residence» ТК) пәтер сату науқанын бастайды.

Жылжымайтын мүлік бұрын қолданыстағы болған әдістермен қатар, енгізілген жаңа механизмдер бойынша сатылымға түседі. Сатып алушылар пәтерлерді 20% бастапқы жарнаны төлеу арқылы 12 жылға 3 жылдық үстемақымен алу мүмкіндігіне ие болады.

Жаңа механизмге сәйкес 1 отбасы 1 пәтер сатып алуға құқылы. Төлеу мерзімі сатып алушының 70 жасқа келуімен шектеледі. Сатып алу-сату келісімшартының мерзімі аяқталғанға дейін сатып алынған пәтерді сатып алушы жыл сайын сақтандыру жөніндегі жауапкершілікті өз мойнына алады. Көлік тұрағын алу бөліп төлеу механизміне енгізілмеген. 1 пәтер иесіне 2 көлік тұрағы беріледі.

«EXPO Residence» тұрғын үй кешенінен баспана алам деушілер бірқатар шарттарды орындауы қажет. Ең бастысы Digital Baiterek онлайн порталында өтініш беріп, таңдаған пәтерін брондау қажет. Төлем қабілеттігін растап, бастапқы жарнасын төлеп, «Бәйтерек девелопмент» АҚ сатып алу-сату және кепіл жөнінде келісімшартқа отыру керек. Сондай-ақ (3 айлық төлем мөлшерінде кепілдік жарнасын салып), бөліп төлеу мерзімінде 1 айлық төлем мен баспананы сақтандыруы шарт.

Бүгінгі таңда «Бәйтерек девелопмент» АҚ «EXPO Residence» тұрғын үй кешенінде баспана алушыларға зор мүмкіндіктер қарастырылған. Соның ішінде пәтерлерді бұрын қолданыста болған механизмдер арқылы сатып алуға болады. Яғни пәтерді қолма-қол ақшаға, екінші деңгейлі банктерден несиені рәсімдеу тәсілі арқылы ала алады. Сонымен қатар Қоғам пәтерлерді мемлекеттік «7-20-25», («Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) «Өз үйім» мен («ҚИК» АҚ) «Орда» бағдарламалары арқылы да қол жеткізе алады.

ЭКСПО аумағында үй алам деуші азаматтардың төлем қабілеттілігін есептеу «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ электронды порталы арқылы жүзеге асырылады. Төлем қабілеттілігін бағалау кезеңінен өту үшін өтініш беруші мен оның жұбайының электронды қолы болуы керек.

Сондай-ақ, әлеуетті сатып алушыларға ыңғайлы болу үшін http://expo.bdevelopment.kz сайтында пәтер алушы бекітілген бағаға қатысты өзінің қаржылық мүмкіндігін тексеруі үшін арнайы калькулятор орналастырылған.

«EXPO Residence» ТК бір, екі, үш және төрт бөлмелі пәтерлерді сатып алуға болады. Бір бөлмелі пәтерлердің шаршы метрі 39,6 -дан 51 ш.м дейін, екі бөлмелі 57,1-ден 80,6 ш.м дейін, үш бөлмелілер 81,1-ден 106 ш.м дейін, ал төрт бөлмелілер 105 – ден 123,4 ш.. дейін. Баспаналар II санаттағы бизнес жайлылыққа сәйкес және таза әрлеу жүйесінде жүзеге асырылған. Бір шаршы метрдің бағасы 399 900 теңгені, ал көлік тұрағы 735 000 теңгені құрайды.

«Байтерек девелопмент» АҚ ЭКСПО аумағындағы пәтерлерді сатуды жүзеге асыруда делдалдық қызмет түрлерін ұсынатын риэлторлық және өзге де ұйымдармен жұмыс істемейтіндігін хабарлайды.

ҚАРАҒАНДЫДА ЖҰМЫССЫЗДАР ҮШІН ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ОҚЫТУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қарағанды облыстық білім беруді дамыту жөніндегі қоғамдастық кеңестің төрағасы Маулида Жошина еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар пен кәсіптерге қысқа мерзімді кәсіптік оқыту туралы айтты.

– Еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдыларға қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды жасына, біліміне немесе тұрғылықты жеріне қарамастан барлық жұмыссыздар пайдалана алады, – деді ол.

Оның айтуынша, қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың ұзақтығы біліктілік пен дағдылардың сипаттарына байланысты бір айдан алты айға дейін негізделген.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға қатысатындарға мынадай көлемде материалдық көмек көрсетіледі:

1) облыста орналасқан білім беру ұйымдарына елді-мекендерден келіп оқитын бағдарлама қатысушылары үшін 4 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде жолақы (10100 теңге);

2) өмір сүруге ай сайын 5 АЕК көлемінде (12625 теңге).

3) 16759 теңге көлемінде шәкіртақы төленеді.

Барлық сұрақтар бойынша тұрғылықты мекенжай бойынша жұмыспен қамту орталықтарына байланысуға болады.

ТҰРМЫС пен ТАБЫС

КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРДЫҢ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Қазақстанда жасы 1-ден асқан балаларға да жәрдемақы төлеу мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Сондай-ақ, көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы көлемі де өспек. Бұл туралы сейсенбі күні Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында ҚР Қаржы министрі Әлихан Смайылов хабарлады.

Оның айтуынша, ҚР Үкіметінің жанынан құрылған азаматтардың табысын арттыру, тұрмыс сапасын жақсарту және көпбалалы отбасыларға қолдау шараларын күшейту жөніндегі жұмыс тобы бала күтіміне байланысты жәрдемақы төлеу мерзімін ұлғайту ұсынысын қарастыруда.

– Бұл мәселе қазіргі уақытта жұмыс тобында қарастырылып жатыр. Ең алдымен, бұл, бала бір жасқа толғаннан кейін де көмек көрсету үшін жас шегін ұзартуға, сонымен қатар жәрдемақы көлемін арттыруға қатысты. Мұндай ұсыныстарды енгіземіз. Мұны жүзеге асыруға болады және бұл бағытта жұмыс істеп жатырмыз, – деді министр.

Осы орайда ол балалары бар отбасыларға берілетін жердемақының қолданыстағы жүйесіне сәйкес бала 1 жасқа толғанға дейін жөргекпұл алатындығын айтты. Және оның көлемі отбасыдағы бала санына байланысты теңгерімді екендігін еске салды.

– 2018 жылы 395 мың адам баланы дүниеге әкелгені үшін 40,7 млрд теңге жәрдемақы алды. Ал баланың бір жасқа дейінгі күтіміне байланысты 125 мың адам 30 млрд теңгеге жуық жәрдемақыға ие болды, – деді ол.

Министрдің дерегінше, мүгедек бала тәрбиелеп отырған 80,6 мың адамға 29,5 млрд теңге жәрдемақы берілді. Мұнан бөлек, «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегерлеріне, көпбала аналарға ай сайын жәрдемақы төленеді. Өткен жылы мұндай 271 мың отбасына 33 млрд теңге бөлінген.

– Сондай-ақ жұмыс істейтін әйелдерге жүктілігіне және бала тууына байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем төленеді. Бізде оны 188 мың адам алды, төлемнің орташа көлемі 391 мың теңгені құрады. Бір жасқа дейінгі бала күтімімен 429 адам айналысып, төлем сомасы 96 млрд теңгені құрады. Бұл Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленген соңғы төлемдер. 2018 жылдың қорытындысында МӘСҚ-тен 165 млрд теңге төленді. Сонымен қатар қолдаудың салықтық жеңілдіктер секілді басқа да түрлері бар, – деді Ә.Смайылов.

Қаржы министрі Әлихан Смайылов баспасөз мәслихатында сонымен бірге көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы көлемі артатынын айтты.

– Бұл мәселе жұмыс тобы шеңберінде қарастырылып жатыр. Біріншіден, бұл балаға бір жасқа дейін берілетін жәрдемақының жасын ұзарту мен төлемнің көлемін арттыру мәселелері. Осыған сай ұсыныстарды енгізетін боламыз. Сол себепті осы бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл жүзеге асады, мұнымен жұмыс істеп жатырмыз, – деді Смайылов.

Ол арнайы жұмыс тобы шеңберінде көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін жеке қарастырып жатқанын атап өтті.

– Қысқа мерзімде тиісті ұсыныстар басшылық тарапынан берілетін болады. Біз түсініп отырмыз. Көпбалалы аналардың жағдайы нашар, жалпы. Сондықтан оларға көмек қолжетімді болуы керек. Жалға берілетін тұрғын үйді алатын болсақ, ай сайынғы төлемақы 5 мың теңге шеңберінде. Қазір төленіп жатқан, бөлініп жатқан қаражат жеткіліксіз. Жыл сайын тиісті өзгерістер енгізіледі, – деді қаржы министрі.

Смайылов әлеуметтік салаға бөлініп жатқан қаражат жыл сайын өсіп жатқанын айтты.

– Мемлекеттік бюджеттен әлеуметтік салаға бөлінген қаражат үлесі 34%-дан 44% дейін өсті. Осы үш жылдың ішінде 2021 жылға дейін әлеуметтік салаға бөлінетін қаражат 49%-ға дейін өседі. Сондықтан бұл мәселе өте күрделі. Үлкен көңіл бөлініп отыр. Біз көзделген қаражат ішіне қосымша жұмыс тобы шеңберінде тағы да тиісті ұсыныстарды беретін боламыз. Ол республикалық та, жергілікті бюджетте де көзделеді, – деді ол.

Айта кетейік, ҚР Қаржы министрі Әлихан Смайылов Үкімет жанынан құрылған жұмыс тобы, сондай-ақ көпбалалы отбасыларды баспанамен қамту мәселесін де қарастырып жатқанын мәлім етті.

ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАР ТЕҢГЕМЕН ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмалары мен бастамаларына сәйкес Қазақстан Ұлттық банкі бірқатар әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруда.

Атап айтқанда, Ұлттық банк мәліметінше, ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы екі бөліктен тұрады. Бағдарламаның бірінші бөлігі 2004 жылдан бастап 2009 жыл аралығындағы кезеңде қарыз алған ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсетуге бағытталған. Аталған қарыздарды қайта қаржыландыруға Қазақстан Ұлттық банкі 130 млрд теңге бөлді. 2019 жылғы 10 ақпандағы жағдай бойынша бағдарлама аясында банктер 161,1 млрд теңге сомаға 26 021 қарызды мақұлдап, 141,1 млрд теңге сомаға 24 195 қарызды қайта қаржыландырды.

Бағдарламаның екінші бөлігінде Қазақстан Ұлттық банкінің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін алынған жеке тұлғалардың валюталық ипотекалық қарыздарын теңгемен қайта қаржыландыру көзделіп отыр. 2019 жылғы 10 ақпанда банктер валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру үшін 53,6 млрд теңге сомаға 6 361 өтінімді мақұлдап, 38,6 млрд теңге сомаға 4 917 қарызды қайта қаржыландырды.

Ұлттық банк басқармасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 310 қаулысымен банктер валюталық ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру мерзімі 2019 жылғы 15 шілдеге дейін ғана ұзартылды. Қарыз алушының/қоса қарыз алушының қарызды қайта қаржыландыруға өтініш беру мерзімі 2019 жылғы 1 шілдені қоса алғанға дейін белгіленді. Қарыздың бағдарлама талаптарына сәйкестігін анықтау үшін қарыз алушыларға кредитор банкке өтініш беру қажет.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШТЫ

Қала басшысы Қайрат Бегімов Бекболатсай елді-мекенінде орналасқан №9 тірек (ресурстық орталық) мектеп-интернатында болып, заманауи талапқа сай бірнеше кабинеттің ашылу салтанатына қатысты.

Бүгінде «IT», «QR», «Smart» сынды сөздер сәнге айналып, ауызекі сөйлеуімізге еніп кеткендей. Әсіресе бұл «слогандар» мектеп жасындағы жастар арасында кеңінен тараған. «Заманына қарай адамы» демекші, қазір адам жасайтын жұмыс, іс-қимыл да электронды форматқа ауысып жатқаны белгілі. Ал, білім беру саласындағы жаңашылдықтар тіпті жетерлік. Сабақ жүргізу процессі, баға қою, үй тапсырмасын беру – осының барлығы сандық жүйеге ауысқан. Бұл мұғалімдерді қағазбастылықтан құтқарды, ал оқушыларды мобильді болуға үйретеді.

№9 мектептің оқушылары келген қонақтарды ең алдымен цифрлы кітапхана жұмысымен таныстырды. Классикадан әлемдік бестселлерге дейін 100 шақты қоры бар кітапхананың қызметімен қолдану үшін небәрі ұялы телефон немесе басқа кез келген гаджет пен кітаптың QR коды керек. Кітапхананың жұмысымен танысқан қала әкімі Қайрат Баяндыұлы да смартфонның көмегімен аталмыш қызметті өзі сынап көріп, оң бағасын берді. Сонымен қатар, әркімге қолжетімді цифрлы кітапхананы барлық білім ошақтарында орнатуға тапсырма берді.

№9 тірек (ресурстық орталық) мектеп-интернатында жасыл технология зертханасы ашылды. Гидропоника кабинеті оқушылар үшін ғылыми-зерттеу жобаларымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Зертханада балалар өсімдіктерді гидропоника әдісімен, яғни топырақсыз өсіруді қолға алған. Өсімдік қоректенуге қажетті барлық заттарды нақты мөлшерде судан немесе арнайы ерітіндіден алады. Бұл әдіс өсімдіктердің барлық түрлері мен сұрыптарын, дәнді- дақылдар тіпті цитрус және тропикалық өсімдіктерді өсіруге мүмкіндік береді. Жас биологтар келушілерді бидай дақылын өсіру тәсілімен таныстырды. Одан бөлек оқушылар, түймедақ, маш, ақжелкен, сұлы, жүзім өсіруде. Гидропоника әдісінің тиімдігі – өсімдік барлық қажетті қоректену заттарын судан және оның құрамындағы оттегіден алып, жемісті дақылдардың өнімділігі артады, декоративті өсімдіктердің гүлденуін ұзартады, өсімдіктер топырақта болатын адам ағзасына зиянды элементтерді жинамайды, үнемі суаруды қажет етпейді. Оқушылар бұл зертханада тек өсімдіктерді өсіріп қана қоймайды. Сонымен қатар, олардан шыққан дәнді-дақылдарды да кәдеге жаратады. Балалар бидай қосылған, дәруменге толы смузи дайындап, қонақтарға ұсынды. Тек табиғи таза өнімдерден жасалған бұл сусын адам денсаулығына өте пайдалы.

Қала басшылығымен қатар, мектеп директорлары қатысқан шара «интеллектум» кабинетінде жалғасты. Баланың ойлау қабілетін, логикасын, санау жүйесін, моториканы дамытуға септесетін бұл сыныпта стратегиялық ойынның 30 түрі бар. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, пазл, манкала сынды ойындарды ойнау арқылы, бала сабақтан бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізеді.

Білім ордасында ашылған тағы бір кабинет – IT-сыныбы. Бұл кабинетте балалар робот техникасының қыр-сырымен танысып, 3D принтермен жұмыс жасайды. Жас инженерлер «lego» құрастырғышымен робот құрастырады. Бұл саланы меңгеру үшін оқушылар математика, физика, информатика сынды пәндермен дос болуы керек. Өйткені, заманауи жаңашылдықтар нақты есеп пен алдын ала формуласы шешілген жобаны талап етеді. Білім алушылардың робот техникасына деген қызығушылығы күн санап артып келеді. Тіпті, бастауыш сынып оқушылары да үйірме сабаққа қатысуға ниет танытқан. Және роботтың тілін тапқан оқушылар қалалық, республикалық жарыстарға қатысып, үздік нәтиже көрсетіп жүр.

Соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған кабинеттердің жұмысымен танысқан қала басшысы жас ғалымдарға сәттілік пен оқуда жетістік тіледі. Бір байқағанымыз мектеп оқушыларының басым көпшілігі осы сыныптарда алып жүрген білімдеріне сай болашақ мамандығын таңдап қойған. Бірі биолог, химик болам десе, енді бірі инженер немесе программист мамандығын меңгергісі келеді. Ендеше, білім ордаларында ашылып жатқан осындай сыныптар оқушыларға ерте кәсіби бағдар беріп, мамандандыруға ықпал етері сөзсіз.

Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА

«ЕРЕКШЕ СҰРАҚ»

КОСАРЕВТІ ЛЕНИН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

Мәжілістің жалпы отырысында ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы елімізде кеңестік кезең ескерткіштерінің қалай сақталып жатқанын баяндады.

Жиында депутат Владислав Косарев қоқыста жатқан Ленин ескерткіші туралы айтып, министрге сұрақ қойды.

– Бізде кеңес үкіметінен қалған мәдениет ескерткіштерін сақтау бойынша моральдық жауапкершілік бар ма? Себебі, Владимир Ильич Лениннің ескерткіші қоқыста жатқан қалада тұруға болмайды ғой. Мәдениет және спорт министрлігі қоғамдағы мәдениеттілікке жауапты емес пе?, – дейді ол.

Арыстанбек Мұхамедиұлы аталған бағытта тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді.

– Ерекше сұрақ екен. Кезінде «Ленин өмір сүрді, Ленин тірі, Ленин өмір сүре береді» деген ұран болатын. Біз рақмет айтуымыз керек. Керісінше біз ол ескерткіштерді сақтап жатырмыз. Мысалы, Серік Тұрарұлы (Седуманов – ред.) Алматы қаласы әкімінің орынбасары болған кезде ол «Сарыарқа» деген паркке сол ескерткіштерді апарып қойды, - деп түсіндірген министр депутатқа аталған паркке баруға кеңес берді.

– Сондықтан «Сарыарқа» паркіне баруыңызға болады. 22 сәуірде біз сол жерде болуымыз керек қой. Владимир Борисович, бірінші сұрақ өте өзекті. Тарихи артефактілер халықтың мақтанышы болып қана қоймай, оны халықаралық та маңызы болуы қажет. Әрине, мұнда мәдениеттің кез келген түрінің маңызы зор. Мысалы, кино өнері, – деп түйіндеді сөзін Арыстанбек Мұхамедиұлы.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІКТЕРІ

партия конференциясында сөз болды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алғашқы мәселе бойынша «Нұр Отан» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова баяндама жасады. Ол өз сөзінде:

– Биыл «Нұр Отан» партиясының құрылғанына 20 жыл толып, мерейлі межеге қадам басып отырмыз. Бұл барша нұротандықтар үшін өткенді саралап, бүгінгі биік белестердің бастауында тұрған сонау 90-жылдардағы әрекетімізді ой елегінен өткізуге және партиямыздың жетекші саяси күш ретіндегі Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріндегі рөлі мен маңызына назар аударуға берілген тамаша мүмкіндік, – дей келе мемлекеттің ажырамас бөлігіне айналған еліміздегі көшбасшы партияның қалыптасу мен даму кезеңдеріне тоқталды. Естеріңізге сала кетсек, «Нұр Отан» партиясы 1999 жылы президенттікке үміткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты қолдау қоғамдық коалициясының базасында құрылды. Президент Қоғамдық штабтың партия құру туралы ұсынысын 19 қаңтарды қолдады. Осылайша, 1999 жылдың 1 наурызда партияның I құрылтай съезі өтті. «Нұр Отан» партиясы қатарын толықтыруда жезқазғандықтар да қарап қалмады. Сол жылдың наурыз айында Жезқазған қаласында 25 бастауыш партия ұйымы өз жұмысын бастап, «нұротандықтардың» саны 300-ге жеткен. Ал, сәуір айында еліміз бойынша мүшесі санынан көшбасшы «Қазақмыс» корпорациясының бастауыш партия ұйымы филиал мәртебесін алды, – деген баяндамашы жыл өткен сайын «Нұр Отан» партиясының беделі мен қоғамдағы рөлі арта түскенін, партияның жеткен жетістіктерін де тізбектеді.

– Біздің партияның негізгі қағидасы жүйелілік, кешенділік, нақтылық және ашықтық болып табылады. Партияның жұмысын жандандыру мақсатында қолға алынған 20 партиялық жоба бүгінде табысты жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, мектеп оқушылары үшін 1000 тегін IT-сынып пен ақпараттық технология саласында білікті мамандар даярлау үшін 20 IT-орталық ашу, бос жер учаскелері бойынша ақпараттар ұсынатын Бірыңғай ұлттық геоақпараттық онлайн-қызмет порталын құру, мектеп асханалары мен спорт алаңдарын жаңғырту, дәстүрлі кітапханаларды заманауи білім орталықтарына айналдыру

арқылы трансформациялау, бірыңғай электрондық кітапхана құру жобалары барлық қазақстандықтардың игілігіне арналуда, – деген Гүлмира Қаженова жиналғандарды елімізді әлемнің дамыған 30 елі қатарына қосу үшін өзіміздің әлеуетіміз бен шығармашылық қуатымызды, біліміміз бен білігімізді біріктіруге үндеді.

Ал, қалалық мәслихаттағы «Нұр Отан» партиясы депутаттық фракциясының жетекшісі Светлана Жумкина Елбасы Жолдауын назарға ала отырып, онда қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған алты басымдықта жүктелген міндеттерді өміршең ету жолында атқарылған шаруаларға тоқталса, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Раушан Қапарова «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы терең тарихымызды түгендеуге, ұлттық кодты тануға және рухани жаңғыруға мүмкіндік беретінін тілге тиек етті. Жастар атынан сөз алған Абай Бағчай мен Нұрболат Күлбай да партия тарапынан жастар саясатына көп көңіл бөлінетінін айтып, Қазақстанның жарқын болашағы білімді қару еткен жастардың қолында екеніне назар аударып, өз ұсыныс-тілектерін білдірді.

Үздік отыздықпен иық теңестіруді мақсат тұтқан елімізді одан әрі дамыту үшін «Нұр Отан» партиясы Елбасы көтерген бес әлеуметтік бастаманы назарға ала отырып «Әлеуетті қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты» жаңа бағдарламасының жобасын дайындаған еді. Осы жобаны көпшілікке Гүлмира Қаженова таныстырды. Олардың қатарында қазақстандық білім беруді жетілдіру, отбасыға көрсетілетін қолдауды күшейту, отандық медицинаны дамыту, ел экономикасын нығайтуға атсалысу, шағын және орта бизнесті қолдау, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру сынды басты бағыттар бар. Жарыссөзге қатысқан облыстық мәслихаттың депутаты Бекзат Алтынбеков пен «Томирис» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Валентина Предеина ана мен баланы мемлекеттік қолдау бойынша нақты ұсыныстарын жеткізді.

Партияның Қарағанды облыстық кезектен тыс конференциясына Жезқазғаннан қатысатын делегаттарды сайлаған соң жиын марапаттау салтанатымен жалғасты. «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығына орай, сонымен қатар, Елбасы, партия төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатын жүзеге асыруға қосқан қомақты үлесі үшін Базарбай Әлеуханұлы «Қоғам қайраткері» төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ, партияның белсенді мүшелеріне Қарағанды облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қадиша Оспанованың және Жезқазған қалалық партия филиалының төрағасы Қайрат Бегімовтың Алғыс хаты тапсырылды. Ал, партия қатарын жаңадан толықтырған жас мамандарға партиялық билет табысталды.

Диана ОРАЗАЛИНА

«Нұр Отан» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалының XXI кезектен тыс конференциясы өтті.

ЖАҢА СТРАТЕГИЯ – ЖАҢА БАҒДАР

Жүз бастауыш партия ұйымынан 140 делегат қатысқан жиынды филиал төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов жүргізді. Конференцияға партияның облыстық филиалы саяси кеңесінің мүшесі Бекзат Алтынбеков, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС тау-кен өндірістік кешенінің бас директоры Талғат Шайқыбеков, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, партия активі және бастауыш партия ұйымдарының төрағалары қатысты.

Күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы, партияның 2030 жылға дейінгі бағдарлама жобаларымен танысу, партияның облыстық конференциясына делегат сайлау сынды мәселелер қаралды.

Алғаш болып «Нұр Отан» партиясына 20 жыл. Әлеуметтік даму мен қалыптасу кезеңі» тақырыбымен партияның Қара-ғанды аумағы бойынша өкілі Алпысбай Тайғоқов баяндама жасады. Осыдан 20 жыл бұрын Елбасы шешімімен «Отан» партиясы құрылғанда республика бойынша партияның филиалдары ашылып, жұмыс жасай бастады. Халық арасында партия тынысын, жұмысын насихаттайтын топтар құрылды. Күннен күнге партия мүшелері көбейе бастады. Бүгінде еліміздің ең үлкен күшіне айналып отырған «Нұр Отан» партиясы ел игілігі үшін бірталай жұмыс атқарды. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы «Нұр Отан» партиясының Қарағанды филиалында бүгінде 44871 мүше бар. Олардың басым көпшілігі – мысты қаланың басты өндіріс ошақтарында қызмет ететін азаматтар. Сонымен қатар, олар қоғам белсенділері. «Осындай адамдармен толығатын партия ғана өміршең болады», – дейді Алпысбай Мырзаханұлы.

«Сәтбаев жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорыны» бастауыш партиясының төрағасы Шақарғали Байқасов пен «Жезқазған мыс балқыту» бастауыш партиясының төрағасы Силар Қияқбаев та партия филиалының 20 жылда жеткен жетістіктері жайында қысқаша тоқталып өтті.

Партияның алдағы онжылдыққа арналған «Әл-ауқаттық қоғам: онжылдықтың 10 мақсатын» көпшілікке фили-алдың партиялық-ұйымдастыру жұмысы секторының меңгерушісі Сәкен Смағұлов таныстырды. Партиялық бағдарламаның көздеген негізгі нысанасы – алдағы онжылдықта әрбір қазақстандықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартып, өмір сүру деңгейін сапалы арттыру үшін елді жүйелі жаңғырту.

Бағдарламада белсенді әлеуметтік саясатқа көшу, әркімге қолжетімді болашақ білімді қамтамасыз ету, дені сау адамдардың мықты ұлтын қалыптастыру, жалпыға бірдей әл-ауқат мақсаттарында экономиканың өсуі, қоғамның әл-ауқатының негізі ретінде бизнесті қолдау, азаматтардың қолайлы өмір сүруі үшін жағдай жасау, азаматтардың мүддесінде мемлекеттің тиімділігін арттыру және т.б. тақырыптар қамтылған.

Бағдарлама жобасына сәйкес қаулы қабылданғаннан кейін облыстық конференцияға делегаттар сайланды. Таңдалған 17 делегатқа бірауыздан дауыс берілді.

Жиын соңында Елбасының саяси курсын жүзеге асыруда азаматтық белсенділік көрсеткен азаматтарға партияның облыстық филиалының бұйрығымен Құрмет грамотасы мен қаржылай сыйақы табысталды. Марапатталғандар қатарында «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорыны» бастауыш партия ұйымының төрайымы Лилия Тутко, «Қорғау қызметі» ЖШС Жезқазған филиалы БПҰ төрайымы Жанна Ерғалиева, «Ғ. Омаров атындағы шахта проходкалау тресі» БПҰ төрайымы Әлия Сәкенова, «Жезқазған аумағының кәсіпкерлер ассоциациясы» БПҰ төрағасы Думан Жаманов және «Энергетика басқармасы» БПҰ төрағасы Яхия Асатов бар. Сонымен қатар, партияның өзге де бірқатар белсенді мүшелері марапатқа ие болды.

Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА

ТЕМІРҚАЗЫҚ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Кез-келген мемлекеттің болашақ дамуына айқын бағдар нұсқайтын, өткенімен қатар бүгінгі жаһандану жағдайында ұлтты ұйыстырып, халықты біріктіретін, қоғам дамуында шешуші рөлге ие қозғаушы күшіне айнала алатын ұлттық идеяны қажет ететіндігі сөзсіз. Себебі, ұлттық идея қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп тануына сеп болып, сол ұлттың ұстанымдары, құндылықтары мен көзқарастарын жалпы әлемге паш ету тәсілі іспетті болмақ.

Тарихқа назар салсақ, халықтың интеллектуалдық күш-қуаты мен ұлттық ресурсын біріктіріп, орнықтақ мақсатқа бастайтын осы жалпыұлттық идея арқылы қысылтаяң кезеңде мемлекеттің дамыған жағдайлары көп кездеседі. Мәселен, Екінші дүниежүзілік соғыстан күйрей жеңілген Жапонияның қазіргі таңдағы экономикасының қарыштап дамуына Исибаси үкіметінің «Игілікті мемлекет», Икэда үкіметінің «ұлттық табысты екі еселеу» ұрандарына негізделген күшті ұлттық идеологиялық тұғырнамасы әсер еткен болса, бүкіл әлемдік қауымдастық қолдаған Нельсон Манделаның ақ немесе қара нәсілге бөлмеуге үндеген апартеидсіз ел саясаты Оңтүстік Африка Республикасының ұлттық идеясына айналып, мемлекеттің өрлеуіне себеп болды.

Көпэтносты Қазақстанның да мемлекет болып нығаюы, зайырлы қоғам ретінде жетілуі мен біртұтас ұлт болып кемелденуі жолында біршама айтарлықтай қадамдар жасалғандығы айқын. Дегенмен, уақыт талабына сай ділі мен дініне берік, алдына биік мақсаттар қоя білетін, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, рухы биік, жақсылыққа жаны құштар халық ретінде өзіндік ұлттық идеямызды анықтау қажеттілігі туындады. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев халықтың әл-ауқатын жақсартып, бірлігін арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам ретіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауының негізі ретінде ұсынған болатын. Әрбір азаматқа арналған арнайы жолдау барлық қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этностық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін басты ұстанымға айналып отыр. Жолдауда атап көрсетілген негізгі құндылық – ұлттық идеологиямыздың «Мәңгілік Ел» ретінде айшықталуында.

«Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті» – деп жария еткен Президент, тарихи мәнге ие құжатты – «Бес институционалды реформаны жүзеге асыруға бағытталған нақты жүз қадам» атты бағдарламаны идеологиялық негізі ретінде ала отырып, конфессияаралық-этносаралық келісімді, азаматтылық пен жаңа XXI ғасыр патриотизмінің ерекшеліктерін түсіндіру идеясы арқылы бүкіл қазақстандықтарды ұлтына, нәсіліне, діни сеніміне қарамастан бір топқа топтастыратын мемлекет ұстанымдарын белгілеп берген болатын.

Аталмыш жалпыұлттық идеяның өзегі ретінде жеті тұғыр – жеті құндылық көрініс тапқан. Тәуелсіздік және Астана, Жалпыұлттық бірлік, Бейбітшілік пен келісім, Зайырлы мемлекет және жоғары руханият, Инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы – міне, осы аталған негізгі жеті құндылықтың 2-тармағында көрсетілген «2017-2020 жылдарға арналған Діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы» аясында дін сынды қоғамдық феноменнің халық пен мемлекеттің тұтастығындағы маңыздылығын анықтау мен халықтың рухани мәдениетін қалыптастыру үрдісіндегі діннің басты функцияларына баса назар аудару қажеттілігі айқындалған.

Шын мәнінде, діннің ұлтты біріктіруде, қоғамды рухани тұрғыда сауықтыруда, халықты ізгілікке, адалдыққа, рухани кемелдікке тәрбиелеудегі маңызы зор. Сондай-ақ, дін – азаматтардың рухани өмірі мен мемлекеттік саясаттағы елеулі факторлардың бірі екенін ескерген дұрыс. Бұл арада, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізінде көпұлтты еліміздегі діни сауаттылыққа ерекше көңіл бөлу маңыздылығы көрсетілген. Өйткені, жаһандану үдерісінің күшейіп, қолжетімді ақпараттар легі артқан сайын, ел болашағы – өскелең ұрпақтың бойында жан-жақтан ағылған ақпараттарды «ішкі сүзбеден» өткізіп, деструктивті идеологияларды қабылдамайтын иммунитет қалыптастыру өзектілігі артпақ. Жат пиғылды ағымдардың өз қатарларын, көбінесе жастармен толықтыруы, олардың бойына халқымыздың ұлттық санасы мен мәдени әрі тарихи құндылықтарына деген теріс ой қалыптастыруы – еліміздің ішкі тұрақтылығына қатер төндіретіндігі анық. Бұл әрекеттерге қарсы тұру үшін жастардың діни сауаттылығын арттырып, олардың бойына ұлттық салт-дәстүрімізді сіңіру қажет. Осылайша, төл дәстүрді, мәдениет пен тарихты жаңғырту және дін мен тілді өркендету – зайырлылық қағидаттары мен руханият саласын қамтыған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты мақсаттарының бірімен ұштасты.

ҚР Президенті Н.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауында: «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі күнге жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – ел бірлігі болу керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» – деген сөздері арқылы Қазақстанның дін саласындағы саясатының дінаралық келісім, діндер үнқатысуы мен діни толеранттылықты қамтамасыз етуге бағытталғанын ескере отырып, зайырлы қоғам және жоғары руханият секілді теңдесіз құндылықтардың арқасында елімізді нығайтқанымызды, жетістіктерімізді арттырғанымызды ерекше атап өткен болатын.

Қорытындылай келе, халқымыздың басты әрі маңызды құжаты – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясындағы басты құндылықтарды басты бағдарымыз ете отырып, мемлекеттің стратегиялық саясатын қолдап, бейбітшілік пен тұрақтылығымызды сақтай отырып жетілдіру – әрбір қазақстандықтың басты міндеті деп тануымыз қажет.

Айман ҚАБЫЛХАНОВА,
ҚР ҚДМ дін істері комитеті дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыс бөлімінің ғылыми қызметкері

РЕЙД

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР

қарқынды жүруде

Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы жеке сектордағы тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында рейдтік іс-шаралар өткізуде.

Өткен аптада басқарма қызметшілері Бекболатсай, Қостанкелдісай, Вокзал маңы және 5-аудан сынды бірқатар жер үйлер массивін аралап, тұрғындармен профилактикалық іс-шаралар өткізді. Іс-шара барысында тұрғындарға өрт қауіпсіздігі жөнінде жадынамалар таратылып, басқарма қызметкерлері тұрғын үйлердегі пештердің жай-күйімен танысты.

Өртті болдырмау, улы газдан сақтану үшін жер үйлердің иелері пештің жағдайын үнемі қадағалап отырулары керек. Пеште қандай да бір жарықшалар, басқа да ақаулар болмауы тиіс. Пештің айналасында тез тұтанатын заттарды қалдырмау қажет. Сонымен бірге, пештің төңірегі, пешке жапсарлас қабырға, еден, үйдің төбесі отқа төзімді материалдармен қапталуы керек. Иіс тиюден сақтану үшін пештің құдықтары мен мұржасы кемінде айына бір рет тазаланып тұруі тиіс, – дейді Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы өртті мемлекеттік бақылау бөлімінің (ӨМББ) инженері, азаматтық қорғау капитаны Әлібек Әбілов.

Мамандар рейд барысында тұрғындарды электр желісін дұрыс пайдалануға шақырып, бір тоқ көзіне бірнеше құрылғыны қатар қоспау, қолдан жасалған электр құрылғыларын пайдаланбау, пешті, тоққа қосулы электр құрылғыларын қараусыз қалдырмау, балаларды оттан қорғау жөнінде нұсқаулықтар берді.

Басқарма мәліметі бойынша өткен жылы Жезқазғанда 157 өрт тіркеліп, тілсіз жау жеке тұрғын үйде тұратын 3 адамның өмірін қиған. Жыл басынан бері 10 өрт оқиғасы тіркеліп отыр.

Өз тілшіміз
Суреттерді түсірген
Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА

ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

ЖЕТІ АСУДАН АСҚАН ӘН

Зулаған уақыт лебіне ілесіп, замана көшінен қалыспай, талай жылдар бойы тыңдарман жүрегіне жол табу – әншінің асыл мұраты. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Береке КӨШЕНОВ тұлпар өнердің жалына жармасып, 45 жыл ғұмырын сахна төрінде ән шырқаумен өткізіпті. «Япыр-ау, кеше ғана емес пе еді?!» – дейді ол әншілік жолы туралы тебірене сыр шерткенде.

Иә, тағдырын әнмен табыстырған сол бір кез қалай басталған еді? Береке әнші болып бір күнде таныла қалған жоқ. Кейбір әріптестері сияқты ол мектеп қабырғасында да суырылып ән айтып, көзге түскен жан емес. Он жылдықты ойдағыдай бітіргеннен кейін еңбек жолын туған ауылы Жаңаарқа ауданындағы К. Маркс атындағы кеңшарда шопан болып бастаған күндер де жастық шақтың жарқылдаған бір бетіндей болып есінде қалыпты. Барлық ауыл баласы сияқты ол да туған даласына құштар көңіл, іңкәр сезіммен қарайтын. Сондай сәтте бозбала қиялы көкті шарлап, дала тынысынан шабыт алып, көңілге көркем сыр түйетін. Өлең жазғысы келіп өрекпіген кезі де болған. Сарыарқаның сағым ойнаған төскейінде жүріп Береке сондайда бір шырқау әнге басып, емін-еркін төгілте келіп тыныстайтын. Сайын дала тына қалғандай күй кешіп, бозторғай әуенімен тербелген Ақбастау мен Толағай баурайы енді Береке әнінің әсем әуезіне бөлене бастайды. Дала сахнасынан басталған ән осылайша жас жігітті өнердің тылсым тереңіне қарай баурап, шым-шымдап тарта берді. Ең алғаш ұяң жігітті еркіне қоймай сахнаға шығарған ауыл-аймаққа танымал өнерпаз Көлмағанбет Нұрмағанбетов еді. Ол ауыл өнерпаздарының басын қосып, ауданда өткен бір байқауға алып барғанда Береке көпшілік алдында тұңғыш рет ән айтты. Жұртшылық жас әншіні жақсы қабылдады. Оның бойындағы бұғып жатқан өнерді алғаш көрген мектепті бірге бітірген жолдастары да таң-тамаша болды. Әуезді әнге деген құштарлық осылайша оянды.

Арман қуған албырт кезең емес пе, 1968 жылы Қарқаралы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумына оқуға түскеннен соң көпшілік алдында өзінің әншілік қабілетін сынаудан бас тарта алмады. Сөйтіп, Қарқаралы Мәдениет үйі жанынан құрылған «Салтанат» ән-би ансамблі құрамында ән шырқап, жұртшылық ілтипатына бөлене бастады. Бұл ансамбль еліміздегі «Досмұқасан», «Гүлдер», «Қаракөзбен» ілесе құрылған, өзіндік жолы бар өнер ұжымы болатын. Береке «Салтанаттың» құрамында Қарағанды облысын аралап, өнер көрсете жүріп ысыла түсті. Техникумнан кейін мамандығы бойынша мал дәрігері болып Жаңаарқа аудандық ветстанциясында төрт жарым жылдай еңбек еткен кезінде де Береке ән ауылынан алыстап кете қойған жоқ. Қайта ән салуға деген құштарлығы арта түсіп, өзін үлкен өнер жолында шыңдай бастады. Мамандығы бойынша мал маманы болып қызмет атқара жүріп, қоғамдық негізде Жаңаарқа аудандық Мәдениет үйі жанынан құрылған «Сарыарқа» ән-би ансамблінің белді әншілерінің біріне айналды. «Әннің бағын ашатын да, байлайтын да – орындаушысы» деп тегін айтылмаса керек. Берекенің репертуарындағы эстрадалық әндер тыңдаған жанның жүрегіне ерекше бір жылылықпен жол тауып жататын. Бір жолы, анығын айтқанда 1975 жылы облыс орталығы Жезқазғанда бүкіл ауданнан өнерпаздар бас қосқан үлкен байқау өткізілді. Осы өнер сайысында ерекше көзге түскен Берекені сол жылдары жаңадан ұйымдасып жатқан облыстық филармонияға қолқа салып шақыруы да өзіндік үні бар әншінің зор қабілетін бағалағандық болар, сірә. Әртіс болу «үш ұйықтаса ойында жоқ» ауыл өнерпазы бұл ұсыныстан ат-тонын ала қашты. Филармония директоры, айтулы өнер қайраткері Серік Елеусізов: «Бұл — Жықаңның тапсырмасы» деп нығарлап қояды. Жықасы — обкомның идеология жөніндегі хатшысы Жылқыбай Аралбаев. Көркемөнерпаздар байқауын бастан аяқ көрген жаңа облыстың обком хатшысы «сол жігітті маған кіргізіңдер, өзім сөйлесем» десе керек. Береке амалсыздан, жайшылықта айбынынан ел ығатын Аралбаевтың алдына келді. Екі баласының барлығын, отбасы жағдайын айтып, «үнемі сапарларда жүретін әртістікке жұбайым да келісе қоймас» деп қашқақтап, сан сылтауды алға тартқан бұған Жықаң: «Сен өзі осы облыста тұрып, қызмет істейтін болсаң, филармонияға әнші болып келесің. Келінге сәлем айт, жағдайларыңды жасаймыз» деп тікесінен бір-ақ кесті. Облыстан екіұдай сезіммен, ойсоқты болып оралған Бекеңе сонда күтпеген жерден өмірлік қосағы Ұмсынай қолдау танытып: «Үлкен адамдар осындай зор сенім білдіріп отырса, неге қиналасың, келісу керек» деп жігерлендіре түскені бар-тын. Сөйтіп, Береке Көшенов 1975 жылы облыстық филармония жанынан құрылған «Жезкиік» ансамбліне әнші болып келді. Содан үлкен өнер жолына біржола бет бұрып, талай жерде ән-шашуын шашып, дүйім елді тамылжыта салған әнімен тамсандыра білді.

Қырық жылдан аса гастрольдік сапарларда жүріп, ел аралап сахналық бабында болу кез келген жанның қолынан келе бермесі анық. Сол жылдардың қай-қайсысы болмасын Берекенің әнші ретіндегі өсуөркендеу жолдарының жарқын беттеріне толы. Атап айтар болсақ, ол 1977 жылы Қарағанды қаласында өткен Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің лауреаты атанды. Тағы да сол жылы Вильнюс қаласында болған ән-би мерекесіне қатысып, бүкіл ұжым лауреат мәртебесімен оралған еді. Береке шырқаған орыс халқының «Калинка» әніне Германия қалалары мен Мәскеудің «Достық үйінде» де қалың көпшілік зор ілтипатпен қол соқты. Қазақ эстрадасының әуезді әуендері 1979 жылы Берекенің орындауында Исландия жұртшылығының назарын аударған кез де өнерпаз жігіттің мерейін көтерді. Бірақ, асыптасу дегенді білмейтін ол қашанда ұстамды, қарапайым қалпынан айныған емес.

Әнші Береке үшін Ескендір Хасанғалиевтің «Жанарым» әнінің орны ерекше. Алғашқыда үлкен сахналарға ол осы әнмен шықты. Осы ән арқылы эстрадалық жанрға қарай бейімделді. Одан әрі әншінің репертуары небір тамаша шығармалармен толыға түсті. Олардың ішінде өнердің қара шаңырағы Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармонияда бірге қызмет істеп, талай гастрольдерде сапарлас болған Жақсыкелді Сейілов пен Болат Есмұқановтың әндері де аз емес-тін. Берекенің өнерде де, өмірде де қадір тұтатын ағаларының бірі, марқұм тума талант Жақсыкелді Сейілов еді. Жақаңның «Жезкиігімен» талай өңірді шарлап, халықтың ықыласына бөленді. Филармония жанынан құрылған «Жезкиік» ансамблі құрамында да осы өнерпаздармен талай сапарда бірге жүрді. Бұл күндері Жақсыкелді Сейілов араларында жоқ болғанымен, оның өміршең әндері бар. «Жезкиік» ансамблі бар. Осы шағын өнер тобының қасиетті шырақшысындай 45 жылға жуық талмай, халқының алдында асқақтата ән шырқап жүрген Береке әнші жезқазғандық жезтаңдайлардың ізгі дәстүрін абыроймен жалғастырып, өзі де жетпіс атты асуға жетіп отыр.

– Өз басым әнмен табыстырған тағдырыма ризамын, – дейді Бекең толғана сөйлеп. – Мені әнші еткен қандай күш? Соңғы кезде осы сауалға жиі жауап іздейтінді шығардым. Осындай сәттерде көз алдыма сары даланың төсімен жүйткіген дала еркесі киіктер келеді. Солар ғой менің арманымды, қиялымды жетелеген. Сол сұлулық қой маған ән-қанатты байлаған. Иә, солар. Сары даланың киігі, жезді өңірдің киігі, Кәкімбектің киігі, Жақсыкелдінің жезкиігі, – деп ол ой тұңғиығын серпігендей, музыка әуеніне ілесіп «Жезкиік» әнін орындауға шыға берді.

Береке Көшенов эстрада әншісі ретінде республикамызға жақсы танымал. Ұзақ жылғы еңбегі жеміссіз болған жоқ. Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы. Сондай-ақ, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған, облыс әкімінің «Жыл вокалисі» номинациясының лауреаты әрі «Алтын қобыз» сыйлығының иегері. Қазақ радиосының «Алтын қорына» оншақты әні жазылған. Бекең – сан қырлы талант иесі. Әншілікпен қатар ақындық өнерді де жан серігі еткен оның «Жырлайды жүрек» атты жыр жинағы 2009 жылы «ҚазАқпарат» баспасынан шыққан болатын. «Көңілімнен ұшады кептер өлең» деген кітабы да бар. Ән жазып, сазгер ретінде де танылып жүр. Б.Көшеновтің «Туған жер», «Жылдың басы – Наурыз», «Ақ тілек», «Махаббатқа мың өртеніп, мың күйіп», «Толағай», «Тұнығым» деген әндері – жергілікті концерттік бағдарламалардан берік орын алып, көпшілік көңілінен шыққан дүниелер. Биыл «Ән ғұмыр» атты мақалалар мен әндерінің жинағын баспаға тапсырды. Онда кейінгі жазған өлеңдері де топтастырылған.

Бекең қашан да Жақсыкелдінің сыршыл әндерін насихаттаудан танған емес. Бірнеше рет «Кездесеміз, жүздесеміз біз дәйім» атты Жақаңның әндерін әуелеткен жеке концерт берді. Осы қастерлі дәстүрді әлі де жалғастыру үстінде. Өнер жолы оңай емес. Алайда, әнші Берекені қажытпай, қайта қанаттандыра түсетін бір үлкен күш бар. Ол – халықтың шынайы ықыласы мен кіршіксіз пейілі. Әнші үшін әрбір концерт – жұртпен кездесу, тыңдарман қауыммен риясыз қауышу. Бекеңді көпшіліктің алдына шығуға асықтыратын – осы күш. Осы күш оған сарқылмас қуат береді. Береке жалындаған жиырма жасында сахнаға жүгіре шығып, музыка ырғағымен секіре қимылдап, шапшаң қозғалушы еді. Бүгінде жетпістің желкенін керіп, қара шашын ақ қырау көмкергенімен сол шалт қимылды жеңіл ырғағынан жаңылған жоқ. Әншінің ұдайы бабында жүруіне отбасын ұйытып отырған асыл жары Ұмсынайдың да үлесі мол болғаны сөзсіз. «Тойың тойға ұлассын, салған әнің қыр ассын» демекші, Береке ағамыздың жеті асудан асқан асқақ әні әлі де тыңдарманын талай тербеп, жан рахатына бөлей берері анық. Ол күні бүгінге дейін «Жезкиік» эстрадалық тобының әншісі әрі жетекшісі болып жемісті еңбек етіп жүр. Жезқаланың 65 жылдық мерейтойына арналған жаңа концерттік бағдарламасымен биыл облыстың бүкіл өңірлерін аралап, өнер көрсетпекші.

...Иә, бәрі кеше ғана сияқты еді. Араға түскен айлар мен жылдар енді тарихқа айналып барады. Соның жарқын беттерінде Береке әншінің өзіне тән іздері, өнермен табысқан тағдырының айшықты таңбалары сайрап жатыр.

Амандық РАХҰЛЫ

«Ұлытау үні» фестивалінің аясында 20 ақпан күні Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, мәдениет саласының ардагері Береке Көшеновтің 70 жасқа толған мерейтойына арналған «Ән – ғұмыр» атты кеші өтеді.

МЫСТЫ ШАҢАР МӘДЕНИЕТІ

«ҰЛЫТАУ ҮНІ» – АЙМАҚ ӨНЕРІНІҢ БОЙТҰМАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сөйтіп, 1990 жылдың 11-17 ақпан аралығында облыстық I «Ұлытау үні» фестивалінің жарқ етіп көрінуі елді елең еткізген, шалғай облыстағы ерекше оқиға болды. Өнер мерекесінің шымылдығы халық ақыны Болман Қожабайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кешпен ашылды. Халық жүрегінен орын алған шараның өзегі терең, мазмұны бай болды десек жарасар. Оның ауқымының кең, құшағының құлашты болуына облыс аумағындағы бүкіл өңір өнерпаздарының белсене атсалысуы айтарлықтай ықпалын тигізетін. Мәселен, бір аптаға созылған алғашқы фестиваль бағдарламасы одан әрі әйгілі халық композиторы, алты Алашқа мәлім әнші Әсетке арналған танымдық кешке жалғасқантын. Ақтоғай ауданының өнерпаздары Әсеттің Шашубайдан бата алуын, Абаймен кездесуін, Кемпірбайдың көңілін сұрай баруын сахналық қойылым арқылы көрсетіп, одан әрі асқақ әнге ұластырып үлкен дайындық үлгісін танытқан еді. Сондай-ақ, Шашубай Қошқарбайұлының туғанына 125 жыл толуына орай шашасына шаң жұқпайтын саңлақтың өнер әлемі туралы тағлымды шараның өтуіне балқаштықтар ұйтқы болса, жаңаарқалықтар Арқа күйшілік мектебінің ірі тұлғасы Сайдалы Сары Тоқаның 160 жылдығына арналған шығармашылық кешін «Ұлытау үнінің» алғашқы фестивалі аясында өткізген болатын. Кеш барысында Жаңаарқа ауданының өнерпаздары шертпе күйдің шебері туралы сыр шертетін қойылымды ұсынды. Мұхамеджан Тілеуханов, Тоғамбай Хасенов сияқты дәулескер күйшілер сылқылдата тартқан күйлерімен тамсантса, ауданның жезтаңдай әншілері ерекше әуезді әндерімен көпшіліктің құлақ құрышын қандырғаны есімізде. Жұрт асыға күткен шараның бірі облыстық ақындар айтысы еді. Жыршы-термешілер өнері тіпті бір бөлек. Бірінші рет өткен фестивальдің әсері айтарлықтай ғажап болғаны анық. Сол жолы аламан айтысқа 36 ақын, жалпы 28 термеші, 21 әнші, 23 күйші қатысыпты. Ол кезде көлік мінгізу, немесе көпіртіп ақша ұсыну рәсімі жоқ. Дегенмен, есте қаларлық кәделі жүлдесі болатын. Айтыскерлер арасында Болман ақын атындағы сыйлық Дүйсенбай Жұмасейітов пен Рамазан Сәттібаевқа берілсе, Тайжан ақын атындағы сыйлыққа Мұқаш Сейтқазинов, Ермек Омаров, Шынболат Ділдебаев ие болды. Жас ақындар арасынан Бағдат Байжантаев, Қуаныш Сейтжанов, Дулат Әбілдин, Қарлығаш Темірбекова, Жұлдыз Абдуллаева Тайжан ақын атындағы жүлдегер атанды. Ал, Аманғали Ербозов, Ғазиз Ештанаев, Аманжол Әлтаев, Тезекбай Амандықов, Света Жумкина сынды бір топ ақындардың өнерлері аталып, фестивальдің дипломын қанағат тұтты. Термешілер Шашубай атындағы сыйлықпен, әншілер Әсет Найманбайұлы және Күләш Бәйсейітова атындағы сыйлықтармен марапатталды. Жезқазғанда ту көтерген өнер мерекесінің алғашқы шежіресі осылайша жазылған еді. Кейінгі фестивальдерде жергілікті айтыскерлер қатарын Әнуар Омаров, Қойлыбай Асанов, Ерсін Мұсабеков, Қуаныш Мақсұтов, Жамбол Көпбосынов, Төлеген Жаманов, Айгүл Кептербаева сияқты жаңа есімдер толықтырып, кейін олардың алды республикалық үлкен додалардан көрініп олжа салғанын ел біледі.

«Ұлытау үні» фестивалі аясында кемінде бес-алты рет республикалық ақындар айтысы дүркіреп өтті. Еліміздегі айтыс аламанына қатысып жүргендерден Жезқазған жеріне табаны тимегендері сірә, жоқ шығар. Осыдан тоғыз жылдай бұрын кезекті айтысқа келген белгілі өнертанушы, ақын Баянғали Әлімжанов былайша пікір білдірген еді: «Біз «Ұлытау үні» фестивалін абыройлы бастап, осы күнге дейін өз биігінде ұстап келе жатқан Жезқазғанның қайраткер азаматтарына, дарынды ұл-қыздарына разымыз. Ең алғаш келген жылдары қыстың қақаған аязында, тоқтаған қонақ үйде дұрыс жылу жоқ. Жан-жақтан жиылған ақындар тоңып келіп айтысқа түсетінбіз. Сонда осы залға жиналған көзайым көрерменнің қызу қолдауына, бізге деген ыстық ықыласына жылынатынбыз». Сахна төріндегі сайысының алғашқы тұсауы алталмыш өнер мерекесінде кесілген ақын, ғалым Аманжол Әлтаев: «Мен өнер жолына «Ұлытау үнінен» қанаттанғанымды әрдайым риза көңілмен еске алып жүремін» дейді. Айтыс аламанының ақтаңкеріне айналған ол 2003 жылы «Ұлытау үні» аясында өткен республикалық айтыста бас жүлдені жеңіп алып, «Алтын домбыра» иегері атанғаны да фестивальдің жарқын беттерінің бірі. Ал, фестиваль аясындағы «Жұлдыз» конкурсынан түлеп ұшқан жастар қаншама?! «Серпер» тобының әншісі болған марқұм Биғазы Тұтқабеков және өнер көгінде бүгінде еркін самғап жүрген Дәуренбек Әркенов, Дәрігүл Алдажанова, Айша Байбосынова, Асхат Сағындықов сынды көптеген әншілер жастардың осы эстрадалық байқауында көзге түсіп, қанаттанған еді. Айта берсек, дәстүрлі өнер мерекесінің алға тартар осындай айшықты іздері көп.

Фестивальдің бір ерекшелігі, бір мақсатты көздегенімен, алғашқы жылдарында бір-бірін қайталамайтын соны шараларға толы болатын. Төртінші мәрте туын көтерген 1993 жылы «Арқа сахнасы» атты халық театрларының байқауы өткізіліп, фестиваль мазмұны толыға түскені бар. Сол секілді, қолөнер шеберлерінің, суретшілердің байқауы сияқты алуан түрлі шаралар қамтылып келеді. Сәкеннің 100 жылдығына, Абай мен Жамбылдың 150 жылдығына арналған шоқтықты шаралар да фестиваль арқауымен айшықталғанды. Баубек пен Мұқанның өміріне арналған танымдық кештер де өзіндік мәнімен ерекшеленді. Нарық қыспағы алқымнан алған қиын кезеңдерде тоқтап қалмай, демеушілер күшімен, халықтың өнерге деген жанашырлығымен жалғасын тапты. Тоқырап, солғын тартқан кезі де болмай қалған жоқ. Дегенмен, киелі өнер мерекесі аймақтық деңгейде де ажарын жоғалтпай келеді. Бір айтарлық мәселе, ұлттық өнермен қауышқан алғашқы кезеңдерде облыс басшыларының барлығы дерлік фестиваль төрінен табылатын. Мұның өзі халыққа үлкен ұйтқы болатын. Аймақтық деңгейдегі «Ұлытау үніне» қазір осы тәрізді жанашырлық қолдау жетіспей жүрген сияқты.

Иә, тарихын тереңге тартқан фестиваль биыл 19 ақпан күні тағы да жалауын көтереді. Салтанатты ашылу шарасы ақын Тайжан Қалмағанбетовтың 140 жылдығына арналған дәстүрлі ән кешімен жалғасады. Үш күнге созылатын өнер мерекесі Жастар жылы мен Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналып отыр. Бүгінде «Ұлытау үні» мен Жезқазған — егіз ұғым. Дәстүрлі фестивальді аймақ өнерінің төлқұжаты, қасиетті бойтұмары десе болады. Өміршең өнер мерекесі жалғасып, жаңарып, мәңгі жасай берсін дейміз!

Амандық РАХҰЛЫ

«БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ЖАСТАРДЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫНА АЙНАЛУЫ КЕРЕК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Жастар жылын депутаттар корпусы қалай қабылдапты? Жалпы бұл жыл қандай оқиға, бастамалармен айшықталуы керек дейді?

– Халық қалаулылары жастар жылын жақсы қабылдағандай сезілді. Өйткені сөз алған жастардың конструктивті сын-ескертпелері мен нақты ұсыныстарын қолдап, министрлерге дәл сол жерде депутаттық сауалдар қойып отырды. Мәселен, біздің өңірден сайланған сенатор Сергей Ершов ҚР қоғамдық даму министріне «Елбасы Жастар жылының ашылуында Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы жұмысшы жастарға жылына 1000 пәтерден кем емес тұрғын үй салуды тапсырды. Сол пәтерлерді жастарға берудің нақты механизмдері қандай? Аталған үш қалада ғана емес, басқа өңірлерде де осы бастаманы жүзеге асыру мүмкіндігі бар ма?» деген сауалын жолдап, жастардың көкейіндегісін қозғады.

Депутаттардың тарапынан көтерілген тағы бір мәселе – жастар арасындағы кәсіпкерліктің дамымай отырғандығы. Олардың айтуынша, әлеуметтік сауалдардың деректеріне қарағанда сұралған жастардың 51 %-ының бизнеспен айналысу туралы ой жоспарында жоқ екен. «Мүмкін, біз бизнеспен айналысу үшін өзіміз тиісті жағдай жасамай отырған шығармыз?» деп мәселенің бір ұшын өздеріне тигізді.

Жастардың кәсіпкерлігін ынталандыру үшін «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша гранттардың көлемін екі есе ұлғайту керектігі жиында баса айтылды. Сондай-ақ, жастардың стартаптарын қолдау қоры құрылып, жастарды бизнестің негіздеріне оқыту жолға қойылатындығы және әр өңірде саны 100 мыңға дейінгі білімді жұмыссыз жастар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарға арналған «Жас кәсіпкер» бағдарламасы дайындалатындығы да аталып өтілді.

Жалпы жиынға қатысқан Үкімет мүшелері мен Сенат және Мәжіліс депутаттары жастар жылының ұрандатқан ұсақ-түйек іс-шаралармен емес, БІЛІМ – ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – ТҰРҒЫН-ҮЙ – ОТБАСЫ ҚҰРУ сияқты төрт негізгі бағыттағы ілкімді істермен ерекшеленуі керек екенін бірауыздан мақұлдап отыр.

– Дөңгелек үстелге қатысушы жастар тарапынан қандай ұсыныстар айтылды? Нақты бір проблемалар көтерілді ме?

– Дөңгелек үстелдің пленарлық мәжілісінде сөз алған 15 спикердің 10-ы жастар болды, яғни ұйымдастырушылар жастардың биік мінберден сөз сөйлеп, ойларын ортаға салуға мүмкіндік берді. Сол арқылы билік пен жастар арасында ашық диалог орнап, ортақ мүддеге жетудің оңтайлы тетіктері қарастырылды. Мұндай мүмкіндікті мүлт жібермеген жастар өздеріне қатысты қордаланған мәселелер мен елдің игілігіне, соның ішінде жастарға бағытталған нақты ұсыныстарын іркілмей айтты.

Жиында жастар тарапынан айтылған негізгі ұсыныстар мен көтерілген проблемалар төмендегідей:

• Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқытылатын мамандықтар тізімінде ауыл шаруашылығына байланысты мамандықтарды көбейтіп, сол арқылы отандық агроөнеркәсіп саласын әлемдік деңгейге шығару;

• «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша да мамандықтар тізімін кеңейту, сондай-ақ, осы бағдарлама бойынша жұмыс істеуге барған жастарға берілетін көтерме ақы мөлшерін 100 АЕК емес, 150 АЕК-ке дейін көтеру;

• шағын және орта бизнеспен айналысатын 29 жасқа дейінгі кәсіпкерлер үшін салық мөлшерін төмендету;

• мәдениет пен өнер саласындағы жастарға нақты қолдауды көбейту;

• жастардың интеллектуалды білім алуларына жағдай жасау;

• NEET санатындағы (NEET – жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дайындыққа қатыспайтын 15-29 жас аралығындағы жастар) жастардың әлеуметтік мұқтаждықтарын өтеп, олардың кәсіби білім алуларына қолдау көрсету;

• еліміздің білім беру ұйымдарында жас жеткіншектерге әлеуметтік-психологиялық көмек беру жұмыстарын жандандырып, мектеп оқушылары арасындағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алу;

• әр жылдары Қазақстаннан шет мемлекеттерге көшіп кетіп, қоғамның әр саласы бойынша нәтижелі әрі табысты еңбек етіп жатқан жастарды тарихи Отаны – Қазақстанға қайтару жолдарын қарастыру болып табылады.

Бұл қатарға еліміздің ішкі және халықаралық саясатына жастарды көбірек араластыру, жергілікті жерлерде әкімдік жанындағы жастар кеңесін құру, жазасын өтеп шыққан жастардың қоғамға қайта бейімделуіне жағдай жасау, өңірлерде еріктілер қозғалысын дамыту сияқты бірқатар мәселелерді де қосып кетуге болады.

– Өзің ол іс-шарадан қандай ой түйіп қайттың? Жастар бұл жылдың мүмкіндіктерін толық пайдалануы үшін не істеуі керек?

– Шынымды айтсам, бұл Сенат қабырғасындағы дәл осындай ауқымды дөңгелек үстелге алғаш қатысуым болды. Сондықтан, әу бастан-ақ жиынның маңызы мен масштабын сезіндім. Жезқазғанның атынан ауқымды жиынға қатысуыма мүмкіндік берген қала әкімдігі мен Жезқазған университетіне ризашылығымды білдіремін.

Алғашқыда көлгірсіп сөйлейтін көп жиындардың бірі шығар деген ойым болғаны рас, алайда қолыма жиынның бағдарламасы тиіп, Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы өзі бастап жастарды ашық диалогқа шақырғаннан кейін күмәнім сейіліп, қызығушылығым артты. Сол себепті жиын басталған сәттен соңына дейін тапжылмай отырып, әр баяндамашы мен сауал-жауаптарды мұқият тыңдауға тырыстым. Соңындағы сұрақ-жауап сәтінде талқымыз тіпті қыза түсті. Бір түйгенім – билік басындағылар жастардың ой-пікірлерімен санаса отырып, барлық бағыт бойынша бірлесіп жұмыс жасауға дайын екен. Жастар жылын жалаң ұраншылдықпен емес, нақты әрі нәтижелі жұмыстармен өткізуге бар күш-жігерімізді салу керектігі екі жақ (билік пен жастар) тараптан да аз айтылған жоқ.

Жалпы менің ойымша, билік басындағылар бізге – жастарға проблема ретінде емес, ресурс ретінде қарағаны жөн. Өйткені жастардың білімі, ой-өрісі, күш-жігері, дүниетанымы өмірге жаңаша қарауға және жаңа жетістіктерге жетуге мол мүмкіндік береді. Сондықтан болар, дамыған елдерде жастарды қоғамның қозғаушы күші, дамудың драйвері деп бағалайды. Соңғы жылдары біздің елімізде де осындай тенденция қалыптасып, қарқын алуда. Ахмет Байтұрсынұлының «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын?» деген аталы тәмсілін ұғынған билік жастарды жетекші күш деп бағалап, оларға жан-жақты жағдай жасап жатқаны жасырын емес. Ендігі мәселе тек өзімізде, яғни – жастарда. Енді біз – жастар «Елім маған не береді?» деп емес, «Мен еліме не бере аламын?» деген қағиданы қатаң ұстанып, мемлекет берген мүмкіндікті мүлт жібермеу керек. Адам мен адам, мемлекет пен мемлекет бәсекеге түскен заманда терең білім алуға, кәсіптен нәсіп табуға, қоғамға пайда келтіруге, ұлттық болмысымызды сақтауға, Абай атамыз айтқандай «өмірден өз кетігімізді тауып, кірпіш боп қалануға» әрекет етуіміз керек. Бұл күнде өз-өзімізді адам ретінде өсіруге, маман ретінде дамытуға көп көңіл бөлуіміз маңызды. Жастар жылының мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін жастар белсенді, көкірек көзі ашық әрі талапшыл болу қажет. Жастар жан-жақты болуға жалықпауы керек, ал жастығында жалықпаған адам қартайғанда тарықпайды.

Сұхбаттасқан **Дархан МҰХАН**

15 АҚПАН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ

«СОҒЫС САЛҒАН ЖАРА ОҢАЙЛЫҚПЕН ЖАЗЫЛМАЙДЫ»

Ауғанстанда зеңбірекші болған интернационалист Бауыржан ЕСЕМСЕЙІТОВ осылай дейді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндағы сарбаздарға келген бетте олардың ұрыс даласы Ауғанға аттанатыны жөнінде айтылады. Алайда, бұл жайында ешкімге тіс жармау қатаң ескертіледі. Парашютпен секіру, окоп қазу, қару-жарақты жарақтандыру мен дәлдеп ату, сондай-ақ, қоян-қолтық ұрыстың тәсілдерін әбден меңгерген 31 сарбаздың алтауы ғана ауған жеріне алынатын болды. Небәрі үш айдың мұғдарында «Шилка ЗСУ-23-4» өзі жүретін зениттік қондырғы атқышы атанған Бауыржан Есемсейітов те арнайы «31 взводтың» құрамына ілікті.

Взвод тағы бір ай Өзбекстандағы Термес әскери қалашығында орналасқан полигонда небір сынақтан өтеді. Кейін сарбаздар ұшаққа тиеліп, Кабул арқылы Баграмға жеткізіледі. Сондағы олардың басты мақсаты әскери эродромның саулығын қамтамасыз ету еді.

Бауыржан аға жат жерге үйренісіп, маңайымен танысып та үлгермеді. Оған бірден «Шилка ЗСУ-23-4» тізгіні сеніп тапсырылды. Өйткені, бұған дейін оның тілін білген Сабыржан Бәркебаевтың әскердегі екі жылы аяқталып, елге, Целиноградтағы әке-шешесіне асықты. Сөйтіп, Бауыржан Есемсейітов қараша айында алғашқы әскери жорыққа аттанады. Экипаждың алған бағыты – Руха қышлағы. Сағатына 50 шақырымды ғана еңсеретін әскери машина діттеген жерге жету үшін екі күнді қажет етті. Екі күннің ішінде экипаж алпыс сарбаздан айрылып қалды.

– Екі күндік жол өте ауыр болды. Тау шатқалдарымен, жолсыз жермен жүрдік. Мұздай қаруланған дұшмандардың аймақты жақсы білуі бізге салмақ салды. Біз жаудың қай жерден шабуыл жасайтынын білмек түгілі болжай да алмадық. Өйткені, тауы да, тасы да бөтен.Табиғаты да бізге қарсыласып тұрғандай көрінетін. Экипажда екі «Шилка ЗСУ-23-4» машинасы болды. Оның біреуін мен тізгіндедім. Оның ішінде барлығы төрт солдат: жүргізуші, атқыш, командир және оператор отырады. Миналанған жол мен жаудың

оғынан аман шықтық-ау деп, машинаға снарядтауға шыққан бетіміз сол еді жол сілтеп, бағыт-бағдар беретін оператор Әзімханнан айрылып қалдық. Біраз есенгіредік. Бірақ, сапарды жалғастыру қажет болды, – деген біздің кейіпкер Руха қышлағын дұшмандардан тазартуға бір апта уақыт кеткенін, сонымен қатар, кеңес әскерінің ұшақтарын әуеден құлатуға арналған екі «стингер» ракетасының көзін жойғанын еске алды.

Барлығы 42 әскери операцияға қатысқан Бауыржан Есемсейітов үшін «Хост операциясы» ең қиын болды. Екі рет жарақат алса да өзіне жүктелген бұйрықты орындауға барын салды. Хост деп аталған жер – Пәкістанмен шекарада. Оған Кабулдан жету үшін екі апта уақыт жұмсалды. Жолда жетпіс, үш күн қақтығыста алпыс сарбаздан айрылған әскер екі снайпер мен бір бомбалаушы ұшақты жойды.

– Дұшмандар күндіз тыныштала қалады да, түнде шабуыл бастайды. Бұл – олардың үйреншікті әдісі. Түнгі шабуылдардың бірінде қолаяғыма, ішім мен көзіме снарядтың сынықтары тиіп жараландым. Операция аяқталып Кабулға бет алғанда да снайпер оғы тиді. Түн ортасында экипаж тау шатқалында дем алмақ болды. Мен қарауылға түсіп, әскери машина мен қарулас достарымның қауіпсіздігін қорғауым керек еді. Кенеттен оққа ұштым. Санитарлар оқты алып шығып, «шилкамен» жауды атқылауды жалғастырдым, – деген ол үйге қайтатын күнгі толқынысты есіне алды.

– Ұшақта отыратын орын жоқ. Ташкентке дейін 300 сарбаз аяғымыздан тік тұрып бардық. Екі жылда бойымызды осындай қорқыныш билемеген болар. Қолымдағы қаруды тастаған тұста туған жерге аман жетпеймін бе деген үрей ұшақтағы әрбір сарбазда болғаны рас. Өйткені, біз жаудың әуедегі ұшақты құлататын күші барын жақсы білдік. «Территория Советского Союза» деп хабарлағанда маңдайдағы салқын терді сүртіп, «уф» деп жеңіл демалдық. Жалпы соғыстың бейнеті, тән жарақаты өз алдына, әрбір сәт қауіп-қатерге толы күндер қалдырған жан жарасын емдеу, ол азапты күндерді ұмыту тіпті қиын, – деген Бауыржан Есемсейітов анасы бертінде дейін ұлының Отан алдындағы борышын ауған жерінде өтегенін білмеді.

– Үйге хат жазғанда Отардамыз. Көп қабатты тұрғын үйдің құрылысын жүргізіп жатырмыз. Бізде бәрі жақсы дейтінбіз, – деп жанары жасқа толған Бауыржан аға туғандай болып кеткен майдандастары Мұхит Жукин, Сабыржан Бәркебаев пен Бақберген Татаевты еске алды. Күні бүгінге дейін олардың сыры мен мұңы бір.

Қайтпас қайсарлығы мен, өшпес өршілдігімен көзге түскен Бауыржан сарбаздың кеудесіне «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Ауған халқынан алғыс», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл» медальдары тағылды. Әскерден оралған соң оқуын жалғастырып, бала күннен арман еткен мұғалім мамандығын алды. Ұзақ жылдар бойы өзін бала оқыту ісіне арнады. Қазір Жезқазған байыту фабрикасында жөндеуші-слесарь қызметін абыроймен атқарып жүр. Батыр әкенің әскери тәртібін көріп өскен ұлдары Қайрат пен Абай, қызы Қаламқас та жаман болмады. Тұңғышы жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнында еңбек етсе, кенжесі қазір Отан алдындағы борышын өтеуде. Ал, алақанға салып аялаған қызы – Елордада, көші-қон қызметінде.

Көңілде сыз, жүректе із қалдыратын соғыстың атын бүгінгі ұрпақ естісе де, көрмесе екен деген тілегі бар Бауыржан Есемсейітов барша ауған соғысы ардагерлерінің отбасына амандық пен қазақ даласында мәңгі бейбітшілік орнасын деп тіледі.

Диана ОРАЗАЛИНА
Суретті түсірген **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАУ – ПАРЫЗ

Ауған соғысында мыңдаған жас азамат жан тапсырып, кейбірі ұрыс даласынан жарақатпен оралды. Оқ пен оттың ортасынан аман оралғандар үшін Ауғанстан мәңгілік жан жарасына айналды. Қаза тапқан боздақтар ата-аналарының қайғысын сөзбен айтып жеткізу қиын. Ауған соғысының ардагерлері ұрыста қаза тапқан қаруластарын жүректерінде мәңгі сақтайды.

Еліміздің ауған соғысына 22000 адам қатысып, олардың 761-і қаза тапты, 21 адам хабарсыз кетті. Бүгінде қазақ елінде 10000-ға жуық ауған ардагерлері бар болса, олардың 3000-ы мүгедектер қатарында.

Өмір мен өлімнің ортасында арпалысқан ардагерлерді ардақтап, құрметтеу – бүгінгі жас ұрпақтың парызы. Сондықтан, туған жерімдегі ардагерлер жайында қалам тербеуді жөн көрдім.

Бүгінде Теректі ауылында ауған соғысына қатысқан екі ардагер бар. Бірі – Өмірғали Берлібеков болса, екіншісі – Нұрғазы Әбдіғалиев. Біз оларды елі үшін тер төгіп, жанын беріп от кешкендер деп құрметтейміз. Өмірғали ағадан өткенге оралып, сол отты жылдарды еске алуды өтінген болатынмын.

– Отан алдындағы борышымды өтеу үшін 1987 жылы қараша айында әскерге шақырылып, Түркменстанның Кушка қаласында оқу-жаттығудан өттім. 1988 жылы сәуір айында Термез қаласы арқылы Ауғанстанның Хайратон деген жеріне келдік. Кейін бізді Ташқорған деген елді-мекенде жан-жаққа бөлді. Мамыр айында Джаузжан деген провинцияның Шибирган деген қаласына тікұшақпен алып келді. Мен әскери мамандығым бойынша ПТУР-дың операторы және БТР-дың атқышы болдым. Алғашқыда қорқынышты болғанын жасырмаймын. Жан-жағым күні-түні атыс. 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан аман-есен шығып елге оралдық. Еңбегіміз бен ерлігімізді бағалап үкімет бірнеше төсбелгімен, арнайы сағатпен және КСРО Жоғарғы кеңесінің грамотасымен марапаттады. Бүгінге дейін де біраз медальдің иегері атанып жүрміз, – деген ол ауған ардагерлеріне көрсетілетін құрметке ризашылығын білдірді.

Ал, ауған соғысының ардагері Нұрғазы Тұрсынбекұлы:

– Мен 1968 жылы Теректі станцасында тудым. Еңбек жолымды теміржолшы болып бастадым. Қарулы Күштер қатарына 1987 жылғы мамыр айында Жезқазған қалалық әскери комиссариаты шақырды. Өзбекстанның Термез қаласында алты ай оқу-жаттығудан өткен соң Ауғанстанға жөнелтілдім. Біздің полк сол Кабулда орналасты. Біз көбіне Кабул маңындағы қалалар мен кишлактарды қорғап, оны жаудан азат еттік. Одан соң Пәкістанға шекаралас Джаллалабад және Асадабат қалаларын азат етуге қатыстық. Соғыс аяқталғаннан кейін елге аман-есен оралдық. Қазір Теректі станциясында аға кезекші болып жұмыс жасаймын. Үш ұлым, екі қызым және екі немерем бар, – деп қуанышқа толы жүзімен сөзін жалғады.

Жалпы, ауған соғысының Қазақ КСР-іне әкелген адам шығыны мен зардабы аз емес. 10 жылға жуық созылған бұл соғыстың кесірінен талай отбасының шаңырағы шайқалды. Қайсыбір ана жалғыз боздағынан, талай әйел жесір, бала әкесіз қалды. Енді ғана азамат атанар жасында әскер қатарына алынған қаншама жігіттер ауған даласында жан тапсырды. Ал, кейбірі із-түзсіз жоғалды. Аяқ-қолдан айырылып, мүгедек атанғандар қаншама?!

Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу арқылы жас ұрпақ патриоттық сезімдерін оятып, Отан үшін отқа түскен батыр ағаларымыздың ерлігінен үлгі-өнеге алары сөзсіз. Сіздер біз үшін дайым батырлықтың үлгісі болып қала бермексіздер!

Назым МАХМҰТ,
Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті

Жезқазған бизнес және көлік колледжі қоғамдық келісім кеңесінің мәжіліс залында ҚХА аналар кеңесі мен қалалық қоғамдық келісім кеңесі мүшелерінің қатысуымен өткен жұмыс жиналысында Жастар жылында қолға алынуы тиіс шаралар жөнінде әңгіме өрбіді.

ЕРЛІГІ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Кездесу «Кандагар» әнінің бейнеролигімен басталып, ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Қаламыздағы №13 орта мектептің 6 «Е» сынып оқушылары мен кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының тәрбиеленушілері ақындардың ауған соғысы туралы жазған өлеңдерін жатқа оқыса, кітапхана оқырманы Гауһар Мәжит «Туған жер» әнін орындады. Сонымен қатар, оқушылардың назарына Нұрсейіт Сейітқасымұлының өмірдерегі бойынша әзірленген бейнеролик ұсынылды. Онда жауынгер-интернационалист Нұрсейіт Сейіловтың батыр бейнесі баяндалды.

Сөз алған ауған соғысының ардагері адамзат баласына көп қасірет әкелген соғыстың қиындықтары мен қарулас достары жайында еске алды. Ал, Қайсар Амагелдіұлы оқушыларға тәжікауған шекарасындағы соғыс туралы әңгімеледі. Оқушыларды қызықтырған сұрақтарға жауап берген қос ардагер бүгінгі ұрпақ соғыс атаулыны көрмесін, егемен еліміз өркендей берсін деген тілегін жеткізді.Өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезім ұялатып, рухани және тарихи құндылықтарды қастерлеуге үндеген шара соңында ардагерлерге естелік сыйлықтар ұсынылды.

Жанар ТҮКЕНОВА,
Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі

ҚАЛАНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАРЫ

ЕРЕН ЕҢБЕКТІҢ ӘДІЛ БАҒАСЫ

Құрметті азамат атағына ие болу бәріне бірдей бұйыра бермейтін мәртебе. Ол үшін ең алдымен ел игілігіне ерінбей еңбек етпек керек. Бүгінде Жезқазғанның дамуына сүбелі үлес қосқандардың 161-і қаланың Құрметті азаматы атағына лайықталды. Бұл атақ ең алғашқы болып 1969 жылдың 29 қаңтарында Қазақ ғылым академиясының негізін қалаушы, Жезқазғанның жұлдызын жаққан Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа берілген еді.

Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағын беру 1966 жылдың 27 маусымында халық депутаттары кеңесінің атқару комитеті қаулысымен бекітілді және үш жыл өткен соң ғана тағайындала басталды. Елу жылдың ішінде мысты өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында өз қолтаңбасын қалдырып, қаланың қоғамдық өміріне белсенді атсалысқан 161 тұлғамен қатар, ғарышты бағындырған 56 ғарышкер осы атақты иеленді.

Жылма-жыл Қазақстан Республикасының Конституция күні қарсаңында тапсырылатын Құрметті азамат атағын иелену үшін үміткер қызмет ететін кәсіпорыннан, мемлекеттік мекемеден немесе қоғамдық ұйымнан өтініш түсірілуі тиіс. Құрметті азамат атағы өмір бойына беріледі. Дегенмен, егер Құрметті азамат атанған тұлға өз әрекетімен қоғамда теріс пікір тудырып не болмаса сотталғанда аталған атақтан мәңгіге қол үзіп қалады. Атақ екінші мәрте берілмейді. Бұл атақты алу үшін азаматтың кем дегенде он жыл бойындағы қызметі Жезқазған өңірімен байланысты болуы керек деген талап та бар.

Енді Жезқазған қаласының Құрметті азаматтарына жекелей тоқталар болсақ, олардың қатарында Ұлы Отан соғысына қатысқан 14 ардагер мен үш Социалистік Еңбек Ері бар. Сонымен қатар, үш академик: экология, адам және табиғат қауіпсіздігі халықаралық ғылым академиясының және жаратылыстану ғылым академиясының академигі Мұханбетжан Таңатарұлы Әуезов, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Жұмағали Жөкейұлы Наурызбай мен Қазақстан ҒА және медицина ғылымдар академиясының академигі Төрегелді Шарманұлы Шарманов та Жезқазғанның Құрметті азаматы атанған-ды. Ал, кикбоксингтен Еуропа және Әлем чемпионы, ҚР он мәрте чемпионы Нұржан Нәбиұлы Ербосынов небәрі 25 жасында Жезқазған қаласының ең жас Құрметті азаматы атағына ие болды. Денсаулық сақтау мен білім беру, мемлекеттік қызмет саласында, сондай-ақ, өндіріс пен өнерде талмай еңбек етіп, қажыр-қайратын аймақтың өркендеуіне арнағандар да осы мәртебелі атақмен марапатталды. Құрметті азаматтар қатарында отбасылық жұптар да жоқ емес. Осы ретте, қалалық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған Ошақбай Асылбеков пен зайыбы, білім саласының үздігі Лямиға Асылбекованың және жоғары дәрежелі заңгер Қожамжар Махатов пен ұмырын бала оқытумен байланыстырған жары Тамара Байзақованың отбасын айтпай өтпеске болмас.

Сөзсіз Жезқазғанның болашағын бүгіннен де жарқын етер жаңа толқын өсіп келеді. Ендеше, Құрметті азаматтар қатары да жыл сайын молайып, арта түспек. Сол күнді көру бәрімізге бұйырсын!

Диана ОРАЗАЛИНА

АНАЛАР КЕҢЕСІ

Жезқазған бизнес және көлік колледжі қоғамдық келісім кеңесінің мәжіліс залында ҚХА аналар кеңесі мен қалалық қоғамдық келісім кеңесі мүшелерінің қатысуымен өткен жұмыс жиналысында Жастар жылында қолға алынуы тиіс шаралар жөнінде әңгіме өрбіді.

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУҒА ӘЗІР

– Ел болашағын өскелең ұрпақпен байланыстырған Елбасы 2019 жылды Жастар жылы деп айқындап бергені мәлім. Көзі ашық, көкірегі ояу кез-келген білімді ұрпақ өз Отанын дамыту жолында аянбай тер төгеді. Қазіргі бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда «жалқаулықты жанға серік етіп жатудың» өзі әбестік. Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету жастардың басты міндеті. Және біздер жастарға өмірден өз орнын табуына бағыт-бағдар сілтеуіміз, – қажет деген Қарағанды облысының қоғамдық келісім кеңесі төрағасы Бекзат Алтынбековті өзге де қатысушылар қолдай түсті.

Аналар кеңесінің төрайымы Зинаида Чумакова қалада жастар саясатын жүзеге асыруға атсалысатын барлық үкіметтік емес ұйымдар мен аналар кеңесі мен қалалық қоғамдық келісім кеңесі бірлесіп жұмыс жасауы қажет екенін алға тартып, 2019 жылға арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспар жобасы жастардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға, олардың елдегі әлеуметтік-экономикалық қайта құруларды өткізуге белсене қатысуға тарту, сондай-ақ, жастардың бойында патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеуге арналды. «Жас ұрпақты тәрбиелеуде олар қарап бой түзейтін тұлғалардың өмір жолы мен еңбек жолын насихаттауды күшейтуіміз қажет», – деген «Томирис» қоғамдық бірлестігі төрайымы еңбек ардагерлері мен өңірдің дамуына үлес қосқан үлкендердің қатысуымен басқосулар өткізуді ұсынды.

Жиын соңында қатысушылар қазақстандық жастардың әлеуетін ашуға, оның қазіргі қоғамдағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған жобаларды іс жүзінде өміршең етуге уағдаласып, Жезқазғанда жас эрудиттер мен жас дипломаттар клубтарын ашуға, жас журналистер одағын құруға және жастар арасындағы көшбасшылар мен белсенділерді үнемі қолдап, шығармашыл жастардың таланттарын шыңдауға шешім қабылдады.

Бота ШАЛҚАР

ҚҰЖАТТАМА

АРХИВТІК АНЫҚТАМА БЕРУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Архив – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекеттік мекеме. Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елдегі архив қорының сақталуы мен ұлғайтылуына әрдайым назар аударып, архив ісінің тұрақты дамуына қолдау көрсетіп келеді. Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві – жылдар бойы архив қорын толықтыру және насихаттау, сақтауды қамтамасыз ету бойынша өзінің негізгі тапсырмасын орындап келеді. Өткенді шолатын ақпараттарға қызығушылықтың артуын есепке ала отырып, архив қызметкерлері тәуелсіз мемлекетіміздің одан әрі дамуы үшін құжаттың тарихи куәліктерін пайдаланып, ұрпақтарының жадында сақтау мақсатында жұмыс әдістерінің жаңа түрлерін іздеуді жалғастыруда.

Мемлекеттік архивтің негізгі бағыттарының бірі – архивке мемлекеттік сақтауға қабылданған құжаттардың негізінде жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер береді, сонымен қатар тақырыптық сұраныстарды да орындайды. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында мемлекеттік архив Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңын, «Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын және «Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет регламентін басшылыққа алады.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві және жеке құрам жөніндегі филиалы Қазақстан азаматтарымен, алыс-жақын шетел азаматтарының заңды құқықтарын қорғайтын архивтік анықтамалар береді. 2016 жылы – 3545, 2017 жылы – 3821, 2018 жылы – 3205 архивтік анықтамалар орындалды.

Мемлекеттік архив төмендегідей әлеуметтік-құқықтық сұраныстар қабылдайды:

1.Жезқазған қаласы аумағында орналасқан ауыл, кент, өндіріс орындары мен ұйымдардың атауларының өзгергендігін растау;

2. Еңбек кітапшасының көшірмесі болған жағдайда еңбек өтілін растау;

3. Оқуға қабылданғаны туралы анық мәліметтер болған жағдайда оқығандығын растау;

4. Нотариалдық іс-әрекеттердің нақты уақыты мен жасалған мекенжайы, іс-әрекетке қатынасушылары анық болған жағдайда нотариалдық іс-әрекеттерді растау;

5. Толық мәлімет болған жағдайда қалалық әкімшіліктің шешімдері негізінде жеке меншік құқығын растап беру.

6. Марапатталғандығы жөнінде «Еңбек ардагері», «Алтын алқа» берілгендігін растау.

Архивтік анықтама — заңды күші бар және сұратылып отырған мәселе бойынша архивтік құжаттар негізінде дайындалған мемлекеттік архивтің ресми құжаты.

Азаматтар архивтік анықтамаларды алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) және www.egov. kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы да жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны қағаз түрінде.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны және мерзімі көрсетілген хабарлама беріледі. Көрсетілген қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ, порталға жүгінген кезде архивтік анықтаманың нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Екі немесе одан да көп ұйымдардың, сондай-ақ, уақыты 5 (бес) жылдан асқан кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайларда, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзартады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде өтініште көрсетілген мекен жайға хат жолдау арқылы көрсетілетін қызметті алушы хабарландырылады. **Жұмыс кестесі –** демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда **сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**, **түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін.**

Портал арқылы жүгінген кезде өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс, мереке күндері, жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін мемлекеттік қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет нәтижесін беру сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүргізіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін.

Архивтік анықтаманы алушы немесе оның уәкілетті өкілі жүгінген архивтік анықтаманы орындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

– жеке басты куәландыратын құжат немесе өкілдің нотариалды куәландырылған сенімхаты;

– архивтік анықтаманы алушы үшін растауды қажет ететін мәліметтерді, пошталық мекенжайын, байланыс телефонын, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, стандартта көрсетілген нысан бойынша толтырылған өтініш, (болған жағдайда сұрау салынған мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері өтінішке қоса беріледі.

Архивке құжаттары толық тапсырылмаған мекемелер көптеп кездеседі. Мысалы «Нан өнімдері», «Үміт» балалар үйі, «Жезқазған қаласы әкімінің су және мелиорация басқармасы», «Промстрой» банк, Жезқазған облысы әкімінің автошаруашылығы, Жезқазған облыстық телекоммуникация және қалалық телекоммуникация мекемесі, облыстық білім департаменті, «Облыстық жұмыспен қамту орталығы», «Жезқазған облысының жылжымайтын мүлікті тіркеу және бағалау басқармасы», «Облыстық сауда және қызмет көрсету басқармасы» т.б мекемелер. Жұмыс істеуін тоқтатқан мына ұйымдар архивке құжаттарын тапсырмаған: «Ауыл құрылысы» (Сельстрой) тресті, Жезқазған облгаз, «Рембыттехника», «Бетпақдала мемлекеттік шаруа қожалығы», «Жезқазған радио-телевизиялық тарату станциясы», «Гарант» өндірістік бірлестігі, т.б. Осындай мекемелерде жұмыс істеген азаматтар кейіннен зейнетке шығарда архивке хабарласқанда, біз оларға нақты архивтік анықтама бере алмаймыз.

Мемлекеттік архивтердегі құжаттарды сапалы жинақтау ұйымдардағы құжаттардың ведомствалық деңгейдегі сақталуына тікелей байланысты. Архив мекемелері қызметкерлерінің ұйымдарымен, мекемелермен және кәсіпорындармен жүргізетін ұйымдастырушылық, әдістемелік және тәжірибелік жұмыстарының негізгі мақсаты құжаттарды мемлекеттік сақтауға уақытында дайындау және өткізу болып табылады. Заңнамамен белгіленген мерзімі уақытша сақталатын құжаттар ведомствалық архивтерде сақталады. Ұйымдар өз қызметінде пайда болған тұрақты сақталатын құжаттардың іріктелуін, есебін, сақталуын, сапалы өңделуін, пайдалануын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік емес ұйым Ұлттық архив қоры құжаттарын тиісті мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға тапсырғысы келсе, онда олардың арасында міндетті түрде құжаттау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау

саласында ынтымақтастық туралы өзара шарт жасалуы тиіс. Бұл шартта Қазақстан Республикасы «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңының 7-бабы, 8-тармағына сәйкес мемлекеттік емес ұйым тапсырылатын құжаттарға иелік тұрғысынан мемлекетке жол береді, осымен қатар, екі жақтың міндеттері, құжаттарды мемлекеттік архивке тапсыру мерзімі мен кезеңдері, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде қарастырылған өзге де тармақтар келісіледі.

Айта кететін бір жәйт, құжаттар мемлекеттік архивке тапсырылғанға дейін мекемелерде арнайы жабдықталған орындарда талапқа сай сақталу керек. Ол құжаттардың бүлінбеуінің, сақталуының, жоғалмауының бірден бір жолы. Жұмыс берушінің жұмысындағы маңызды жәйттердің бірі құжаттарды тиісті дәрежеде сақтау мәселесін шешу болып табылады. Өз қызметкерлерінің зейнеткерлікке шығуына жауапты әр басшы жеке құрам бойынша құжаттарды уақытында жүргізіп, жабылған жағдайда архивке өткізуге міндетті.

Архив қызметкерлері тарапынан архив қорының ақпараты құнды құжаттармен толықтырылуына ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік сақтауға құжаттарды толық, сапалы өткізген жағдайда халықтың сұранысына оң жауап беруге ықпал етеді. Халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсету бүгінде мемлекет дамуының аса басты бағыты болып табылады.

Қарлығаш НАУРЫЗБАЕВА,
әдебиет, өнер, жеке қорлар, ақпараттар және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің қызметкері

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

САЛҒЫРТТЫҚ САН СОҚТЫРМАСЫН

Күз, қыс айларында жекеменшік тұрғын үйлерде өрт оқиғаларының жиілеп кететіні баршаға мәлім. Оның басты себебі ретінде, көбіне, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталмауын, пешті және электр құрылғыларын дұрыс пайдаланбауды, бейқамдықты атап айтуға болады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, пешті дұрыс пайдаланбаудан болатын өрт оқиғалары үшінші орынға ие болып отыр. Шамамен алғанда, тұрғын үйлерде орын алып жататын әрбір оныншы өрт оқиғасы пештің ақаулы болуынан немесе оны дұрыс пайдаланбағаннан туындап жатады. Бұл жағдайда өртенген үйдің иесі емес, сондай-ақ, көршілері де баспанасыз қалуы әбден мүмкін. Тіпті, ең өкініштісі сол, өрт оқиғасы салдарынан адамдардың ажал құшуы да кездесіп отырады. Сондықтан, қайғылы жағдайды болдырмас үшін, баспананы сақтау үшін төмендегі ережелерді біліп және оны күнделікті сақтап жүру.

• Жылу беру маусымы басталар алдында пеш пен оның түтін шығар мұржасын барынша тазалап, жарылған жерлері болса сылап, жөндеп, сыртын ақтап қою қажет.

• Пешті жағар алдында үйдегі пештерді, сондай-ақ, бөлмені бөліп тұратын құдық пештердегі түтін шығар жолдарды және шатырдағы мұржаны ағарып тұрған жерден жарықшақтан шыққан түтін күйесі тез әрі анық көріну үшін міндетті түрде әкпен немесе саз балшықпен майлап, ақтап қою қажет.

• Ағаш құрастырмаларға жанастыра салынған немесе қабатаралық жабында арқылы жүретін түтін шығатын мұржаның сырты кірпіш қалау арқылы қалыңдатылып бөлінуі тиіс. Пештің де сыртын қалыңдатқанды ұмытпаған жөн.

• Жанып тұрған пешті қараусыз қалдыру немесе оны балаларға тапсырып кету өте қауіпті саналады. Пешті тұтандыру үшін тамызыққа жылдам жанатын жанар-жағар майларды пайдалануға болмайды.

• Әрбір пештің өзінің іргетасы болуы және бір беті бөлмедегі ағаш құрастырмасына толығымен жанаспай, бөлек тұруы қажет. Олардың арасынан ауа өтетіндей саңылау қалдырылып, аулақтау салынуға тиіс.

• Пештің алдындағы (от жағар аузындағы) ағаш еденнің үстіне ені 50, ұзындығы 70 сантиметр шамасында қалың қаңылтыр қағылады.

• Пешті аязды суық күндердің өзінде өте қатты қыздырып, қатты жағуға болмайды. Одан шамалап, арасында үзіліс жасап жаққан жөн. Қатты қызудан түтін шығатын мұржаның қабырғалары жарылып, одан от ұшқындары ұшуы мүмкін. Пеш өте қатты қызып кетпес үшін әрбір жарты сағат сайын емес, күніне 2-3 рет жағуға кеңес беріледі.

• Ұйқыға жатардан 3 сағат бұрын пешке от салу тоқталу керек.

• Кірпіш қалауларының арасында жарықшақтар пайда болмас үшін түтін шығатын жолдарды жиналып қалатын ыстан үзбей тазалап тұру қажет.

• Пештің үстіне дымқыл ағаш, ылғал отын кептірмеңіз. Сонымен қатар, қандайда бір болмасын жиһаздың, перделердің от жағылатын пештен жарты метрден кем емес қашықтықта болуына назар аударыңыз.

• Пешті тұтандыру үшін пештің ішіне сыймайтын ұзын ағашты пайдалануға мүлде болмайды. Оттың жалыны тысқары тұрған заттарға тиіп, еден мен қабырғаны шарпып, өрт кетуі мүмкін.

• Пешке және түтін шығатын жолдарға жанасатын тез тұтанатын және жануы қиындау ғимарат құрылысының (қабырға, жабынды, арқалықтар) бөліктерінің жанбайтын материалдармен бөлінуіне назар аудару қажет.

• Пешті жөндеуге және қалап шығуға тек әбден машықтанған мамандарды шақыру керек.

Өрт шыға қалған жағдайда абдырап, саспаңыз. Көршілерді көмекке шақырыңыз, өрт сөндірушілерге хабарлау үшін 101 немесе 112 номеріне телефон шалыңыз. Ал, өзіңіз кәсіби көмек келіп жеткенше дауыстай жүріп адамдарды құтқаруға және қолдағы бар құралдарды пайдаланып сөндіруге кірісіңіз. Тек адамдардың жұмыла кірісуі мен өзара көмегі Сіздің апаттан аман қалуыңызға, қайғылы оқиғаның алдын алуға көмегін тигізеді.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:

Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы: 8(7102) 76-15-98, 74-11-69

Қуанышбек СЛАМБЕК,
Жезқазған қаласы ТЖБ ӨМББ бас маманы, азаматтық қорғау капитаны



УЛЫ ГАЗ – ӨЛІМ СЕБЕБІ

Өрт шығуының басты себебі – адамдардың от қолдануда абайсыз болуы, әсіресе, мас күйінде темекі шегуі. Жану ошағы басқа бөлмеде болса да улы газбен улану әбден мүмкін, өйткені көміртек тотығы түтінмен бірге жайылғанмен, бөлме қабырғалары мен маңайдағы заттарға қонбайды. Оның концентрациясы бірер минут ішінде күрт жоғарылайды және ауамен араласқан кезде ғана төмендейді. Адам улы газбен уланған кезде ағзадағы оттегінің алмасу механизмі бұзылып, оның тапшылығы пайда болады. Бұл ес білмей қалуға және өлімге әкеліп соқтырады. Улы газдың адам ағзасында жиналып, оның қорғану әрекетін тоқтату қабілеті болғандықтан, тіпті оның аздаған концентрациясы адамға әсер етеді. Алайда, адам улы газбен дем алып жатқанын сезбейді, бірақ біраз уақыттан соң басы ауырып, көру қабілеті нашарлап, басы айналып, жүрегі айни бастайды. Улы газдың әсерінен арылмаса, нақтылы уақытта сезіну қабілеті жоғалып, кеңістікті бағдарлау бұзылады. Егер адам көміртек тотығы бар бөлмеден шықпаса, қайғылы жағдайға душар болуы әбден мүмкін. Улы заттың әсері соншалықты – адам денесінің күйік алып жатқанын да сезінбейді. Уланған адамға тез арада далаға шығуы қажет, ал ондай мүмкіндік болмаса, тым болмағанда даланың ауасымен дем алу мүмкіндігі бар бөлмеге баруы керек. Ол бөлмеге түтін газының келуін мейлінше болдырмау қажет. Улы газбен уланған адамды жатқан қалпында тез арада таза ауаға алып шығып, алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету қажет

Түтін, күйік иісі шыққанда дереу телефон арқылы **«101»** және **«112»** телефондарына хабарласыңыз. Есіңізде болсын,бұндай жағдайда әрбір минут бір адам өмірін құтқарып қалады.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:

Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы **8(7102) 74-11-34.**

Әлібек ӘБІЛОВ,
Жезқазған қаласы ТЖБ ӨМББ инженері, азаматтық қорғау капитаны

ЖЕР ЗАҢНАМАСЫ – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының ұйымдастырумен 2019 жылғы 23 қаңтарда облыстық әкімшіліктің мәжіліс залында «Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауда туындайтын мәселер туралы» семинар кеңес өтті.

Семинар кеңес Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы Жолдауындағы «Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудағы» берген тапсырмаларын, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚР Бас прокуратурасының «Жер қатынастарын мемлекеттік реттеуді жақсарту іс-шарасы» жоспарын, Қарағанды облысы әкімі Е.Қошановтың тексерістерді 30 пайызға азайту туралы тапсырмаларын, Қарағанды облысы әкімшілігі мен Қарағанды облысы прокуратурасы бекіткен жол картасының, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары С.Шайдаровтың бекіткен ақпараттық–түсіндіру және профилактикалық жұмыстар туралы медиа-жоспардың, «Қоғамда коррупцияға қарсы мәдениетті қалыптастыру комплекстік жоспарын» уақытылы және сапалы орындау мақсатында және жерге мемлекеттік бақылауды жүргізгенде, шешімі табылмай отырған мәселелерді Қарағанды облысы прокуратурасы және жергілікті атқарушы органдарымен бірігіп шешу мақсатында өткізілді.

Жұмыс семинар кеңесіне ауыл шаруашылығы министрлігі, жер ресурстары комитетінің мемлекеттік бақылау басқармасының басшысы М.Мендыбаев, облыс прокурорының орынбасары М.Таутенов, арнайы есеп және құқықтық статистика басқармасының прокуроры Д.Сағынтаев, әділет департаменті басшысының орынбасары Н.Есебаев, «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы директорының орынбасары Р.Жакупов және қала мен аудан әкімдерінің орынбасарлары (жұмыс комиссиясының төрағалары), жер қатынастары бөлімдері басшылары аудандарда жаңадан құрылған, ауылшаруашылық жерлерді пайдалануға және қорғалуына мемлекеттік бақылау жүргізетін мемлекеттік инспекторлар қатысты.

Семинар кеңестің күн тәртібіне сәйкес, Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы С.Ахметов өз баяндамасында Қарағанды облысы бойынша жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау жүргізгенде қала және аудан әкімшіліктері тарапынан жіберілген кемшіліктерге тоқталып, мемлекеттік бақылауда туындап отырған мәселелерді көтерді.

Баяндамада көтерілген сұрақтар бойынша пікір таласта ауыл шаруашылығы министрлігі, жер ресурстары комитетінің мемлекеттік бақылау басқармасының басшысы М.Мендыбаев, облыс прокурорының орынбасары М.Таутенов, арнайы есеп және құқықтық статистика басқармасының прокуроры Д.Сағынтаев, әділет департаменті басшысының орынбасары Н.Есебаев, «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы директорының орынбасары Р.Жакупов сөз сөйлеп, аудан әкімдерінің орынбасарлары (жұмыс комиссиясының төрағалары), жер қатынастары бөлімдері басшылары аудандарда жаңадан құрылған, ауылшаруашылық жерлерді пайдалануға және қорғалуына мемлекеттік бақылау жүргізетін мемлекеттік инспекторлардың қойған сұрақтарына нақты жауаптар берді.

Басқармада, семинар кеңесте көтерілген сұрақтарға талдау жасалынып, қала мен аудан әкімдеріне жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылауда жіберілген кемшіліктерді жойып, алдағы уақытта жол бермеу туралы тапсырмалар берілді.

Серік ҚАППАРОВ,
Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы-мемлекеттік инспектор

18.02.2019

QAZAQSTAN
0.6:05 «Senbilik tań». 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «HIT QAZAQSTAN». 10:50 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ». 11:05 «Apta». 12:10 «Oralu». 13:00 AQPARAT. 13:15 «Ұлт мақтанышы». 13:40 «Ізdedім сені». 14:25 «Kóńil tolqyny». 15:20 «Айман-Шолпан». 17:00 AQPARAT. 17:15 ELDEN HABAR. 17:30 «MENIŃ QAZAQSTANYM». 18:05 «Balanyń kóńili...». 18:20 «ARNAIY JOBA». 18:45 «Kóńil tolqyny». 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ». 20:00 AQPARAT. 20:55 «QAREKET». 21:50 «ОРАЛУ». 22:45 «ЕРТҰҒЫРЫЛ». 23:40 «Tungi studio». 00:15 AQPARAT. 01:05 ELDEN HABAR. 01:15 «Қалампыр». 01:50 «Достар». 02:15 «Ұлт мақтанышы». 02:45 «Hit Qazaqstan». 03:35 «Tungi studio».

ХАБАР
0. 6:00 «Әсем әуен». 07:00 «Расти-механик». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар. 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Келінжан». 10:30 «Журналистік зерттеу». 11:00 «Спасатели». 11:30 «ZERDE». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Алтын бесік». 12:40 «Қайсар жандар». 13:00 Новости. 13:10 «Двойная жизнь». 15:00 «Давайте говорить!». 15:50 «Арман жолында». 16:35 «Тағдыр тартысы». 17:10 «Бір туынды тарихы». 17:45 «Смотрящие вперед». 18:15 «Ойжүйрік». 19:00 «Сүрбойдақ». 19:30 «Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Online». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Жалғыз жауқазын». 22:20 «Королева ночи». 00:00 «Арман жолында». 00:45 «Тағдыр тартысы». 01:15 «Әсем әуен».

КТК
0.7.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР». 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР». 09.40 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». 10.40 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР». 11.40 «ЮРМАЛА». 13.00 «БЕСТСЕЛЛЕР ПО ЛЮБВИ». 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ». 18.00 «МАХАББАТ ПЕН ЖАЗА». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. . 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ШЕЛЕСТ». 23.40 «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ». 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ». 02.00 «КҮНӘҺАР МАХАББАТ». 03.10-04.30 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР».

АСТАНА
0.6:00 «KazNet». 07:00 «Таңдауым сен». 08:00 «Біздің уақыт». 09:00 «Маша и медведь». 10:00 «Абысындар». 11:00 «№309». 12:00 «Ел аузында». 13:00 «Күлпәштің хикаялары». 14:00 Күндізгі жаңалықтар. 14:15 «Избранное за неделю». 15:00 «Турецкий транзит». 16:00 «Райское место». 17:00 «Есіргендер». 19:00 «№309». 20:00 Жаңалықтар 20:30 Новости «20:30». 21:00 «Таңдауым сен». 22:00 «Абысындар». 23:00 «Келін бақыты». 00:00 «Келіндер». жобасы 00:40 «Ұрланған тағдыр». 02:00 Жаңалықтар 02:30 Новости «20:30». 03:00 «Қасиетті мекен». 03:20 «KazNet». 03:40 «Қалжың-қоржын».

7-АРНА
0. 6.00 «Контесса». 08.00 «Элиф». 09.00 «Осторожно:Грамп». 10.50 «Юрмала». 12.40 «КЗландия». 13.00 «Контесса». 15.00 «Өз ойым». 16.40 «Инстаграмщица». 18.40 «Q-елі». 19.00 «Жаңа келін». 20.00 «Элиф». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Хозяйка». 23.00 «Жаңа келін». 00.10 «Учителя». 01.20 «Юрмала». 03.00 «Элиф». 03.45 «Өз ойым». 05.00 «Жеңіп көр».

31
0.5:40 «Жігіттер». 06:00 «Жігіттер». 07:00 Информбюро. 08:00 Концерт. 08:30 «Махаббатым, кеш мені!». 10:30 Дайджесты. 12:00 «Жігіттер». 14:00 «Келіндер бәйгесі». 15:00 «Воронины». 16:00 «Воронины». 18:00 «Сваты». 20:00 Информбюро. 21:00 «Махаббатым, кеш мені!». 23:00 Концерт. 23:30 «Тренер». 01:40 «What's Up?». 02:30 Концерт.

ДИДАР
08.00-13.00 ТЕХНИКАЛЫҚ ҮЗІЛІС.
13.00 «Қарт кеншінің келбеті». 13.20 «Туған елдің түтіні». 6-бөлім 14.20 «Жүрек тынысы». 15.10 «Мультфильм». 15.30 «Неизведанный Казахстан». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Офицеры». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.05 «Бұл менің өмірім». 19.35 «Неизведанный Казахстан». 20.05 «Елбасы Жолдауы-ел ертеңі». 20.20 «Дидар-60 жыл». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

19.02.2019

QAZAQSTAN
0.6:05 Концерт. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «HIT QAZAQSTAN». 10:50 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ». 11:25 «Qyzyq eken...». 12:10 «Oralu». 13:00 AQPARAT. 13:15 «Ұлт мақтанышы». 13:40 «Ізdedім сені». 14:25 «Ертұғырыл». 15:20 «Айман-Шолпан». 17:00 AQPARAT. 17:15 ELDEN HABAR. 17:30 «Jan jyluy». 17:50 «Qyzyq eken...». 18:35 «Kóńil tolqyny». 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ». 20:00 AQPARAT. 20:55 «QAREKET». 21:50 «ОРАЛУ». 22:45 «ЕРТҰҒЫРЫЛ». 23:40 «Tungi studio». 00:15 AQPARAT. 01:05 ELDEN HABAR. 01:15 «Қалампыр». 01:50 ФУТБОЛ. 04:00 «Достар».

ХАБАР
0.6:00 «Әсем әуен». 07:00 «Расти-механик». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар. 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Келінжан». 10:30 «Королева ночи». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Сана». 12:40 «Қайсар жандар». 13:00 Новости. 13:10 «Двойная жизнь». 15:00 «Давайте говорить!». 15:50 «Арман жолында». 16:35 «Тағдыр тартысы». 17:15 «Ұлы дала өркениеті». 18:00 «Народный контроль». 18:15 «Ойжүйрік». 19:00 «Сүрбойдақ». 19:30 «Өз үйім». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Online». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Жалғыз жауқазын». 22:20 «Королева ночи». 00:00 «Арман жолында». 00:45 «Алтын бесік». 01:15 «Әсем әуен».

КТК
0.7.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР». 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР». 09.20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР». 10.20 «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ». 12.20 НОВОСТИ. 13.00 «ШЕЛЕСТ». 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ». 18.00 «МАХАББАТ ПЕН ЖАЗА». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ШЕЛЕСТ». 23.40 «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ». 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ». 02.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ». 03.25-04.30 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР».

АСТАНА
0.6:00 Жаңалықтар 06:30 Новости «20:30». 07:00 «Таңдауым сен». 08:00 «Маша и медведь». 10:00 «Абысындар». 11:00 «№309». 12:00 «Күлпәштің хикаялары». 13:00 «Reporter ұсынады». 13:40 «Ғажайып Қазақстан». 14:00 Күндізгі жаңалықтар. 14:15 «Щенячий патруль». 15:00 «Турецкий транзит». 16:00 «Райское место». 17:00 «Есіргендер 2». 19:00 «№309». 20:00 Жаңалықтар 20:30 Новости «20:30». 21:00 «Таңдауым сен». 22:00 «Абысындар». 23:00 «Келін бақыты». 00:00 «Келіндер». жобасы 00:40 «Ұрланған тағдыр». 02:10 Жаңалықтар 02:40 Новости «20:30». 03:10 «Қасиетті мекен». 03:40 «KazNet».

7-АРНА
0. 6.00 «Контесса». 08.00 «Элиф». 09.00 «Учителя». 10.10 «Полет бабочки». 11.10 «Юрмала». 13.00 «Контесса». 15.00 «Өз ойым». 16.40 «Хозяйка». 18.40 «КЗландия». 19.00 «Жаңа келін». 20.00 «Элиф». 21.00 Лотерея 777 21.05 «Хозяйка». 23.00 «Жаңа келін». 00.10 «Учителя». 01.20 «Юрмала». 03.00 «Элиф». 03.45 «Өз ойым». 05.00 «Жеңіп көр».

31
0.5:40 «Жігіттер». 06:00 «Жігіттер». 07:00 Информбюро. 08:00 Концерт. 10:00 «Махаббатым, кеш мені!». 12:00 «Жігіттер». 14:00 «Келіндер бәйгесі». 15:00 «Воронины». 16:00 «Воронины». 18:00 «Сваты». 20:00 Информбюро. 21:00 «Махаббатым, кеш мені!». 23:00 Концерт. 23:30 «Так себе каникулы». 01:00 «What's Up?». 01:50 Концерт.

ДИДАР
0 8.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 11.35 «Мультфильм». 12.05 «Бұл менің өмірім». 12.35 «Ән шашу». 12.50 «Дидар-60 жыл». 13.00 «Дидар». 13.30 «Елбасы жолдауы-ел ертеңі». 13.45 «Мультфильм». 14.00 «Жұлдызым». 15.30 «Неизведанный Казахстан». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Деген екен...». 17.00 «Ән шашу». 17.25 «Айналайын». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.00 «Время шелкового пути». 19.35 «Неизведанный Казахстан». 20.05 «65 Добрых дел». 20.20 «Дидар-60 жыл». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

20.02.2019

QAZAQSTAN
0.6:05 Концерт. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «HIT QAZAQSTAN». 10:50 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ». 11:25 «Qyzyq eken...». 12:10 «Oralu». 13:00 AQPARAT. 13:15 «Ұлт мақтанышы». 13:40 «Ізdedім сені». 14:25 «Ертұғырыл». 15:20 «Айман-Шолпан». 17:00 AQPARAT. 17:15 ELDEN HABAR. 17:30 «Aqsauyt». 17:50 «Qyzyq eken...». 18:35 «Kóńil tolqyny». 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ». 20:00 AQPARAT. 20:55 «QAREKET». 21:50 «ОРАЛУ». 22:45 «ЕРТҰҒЫРЫЛ». 23:40 «Tungi studio». 00:15 AQPARAT. 01:05 ELDEN HABAR. 01:15 «Қалампыр». 01:50 ФУТБОЛ. 04:00 «Достар».

ХАБАР
0.6:00 «Әсем әуен». 07:00 «Тобот». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар. 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Өз үйім». 10:30 «Королева ночи». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Важно знать». 12:35 «Қайсар жандар». 13:00 Новости. 13:10 «Двойная жизнь». 15:00 «Давайте говорить!». 15:50 «Сапарластар хикаясы». 16:50 «Тағдыр тартысы». 17:25 «Өмір жолы». 18:00 «Народный контроль». 18:15 «Ойжүйрік». 19:00 «Бәсеке». 19:30 «Өз үйім». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Online». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Жалғыз жауқазын». 22:20 «Королева ночи». 00:00 «Сапарластар хикаясы». 01:10 «Ұлы дала өркениеті».

КТК
0.7.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР». 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР». 09.20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР». 10.20 «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ». 12.20 НОВОСТИ. 13.00 «ШЕЛЕСТ». 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ». 18.00 «МАХАББАТ ПЕН ЖАЗА». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ШЕЛЕСТ». 23.40 «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ». 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ». 02.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ». 03.25-04.30 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР».

АСТАНА
0. 6:00 Жаңалықтар 06:30 Новости «20:30». 07:00 «Таңдауым сен». 08:00 «Маша и медведь». 10:00 «Абысындар». 11:00 «№309». 12:00 «Күлпәштің хикаялары». 13:00 «Reporter ұсынады». 13:40 «Ғажайып Қазақстан». 14:00 Күндізгі жаңалықтар. 14:15 «Щенячий патруль». 15:00 «Турецкий транзит». 16:00 «Райское место». 17:00 «Бақыт іздеп». 19:00 «№309». 20:00 Жаңалықтар 20:30 Новости «20:30». 21:00 «Таңдауым сен». 22:00 «Абысындар». 23:00 «Келін бақыты». 00:00 «Келіндер». 00:50 «Ұрланған тағдыр». 02:20 Жаңалықтар 02:50 Новости «20:30». 03:20 «Қасиетті мекен». 03:50 «KazNet».

7-АРНА
0. 6.00 «Контесса». 08.00 «Элиф». 09.00 «Учителя». 10.10 «Полет бабочки». 11.10 «Юрмала». 13.00 «Контесса». 15.00 «Өз ойым». 16.40 «Хозяйка». 18.40 «КЗландия». 18.50 Лотерея 6/49 19.00 «Жаңа келін». 20.00 «Элиф». 21.00 Лотерея 777 21.05 «Хозяйка». 23.00 «Жаңа келін». 00.10 «Учителя». 01.20 «Юрмала». 03.00 «Элиф». 03.45 «Өз ойым». 05.00 «Жеңіп көр».

31
0.5:40 «Жігіттер». 06:00 «Жігіттер». 07:00 Информбюро. 08:00 Концерт. 10:00 «Махаббатым, кеш мені!». 12:00 «Жігіттер». 14:00 «Келіндер бәйгесі». 15:00 «Воронины». 16:00 «Воронины». 18:00 «Сваты». 20:00 Информбюро. 21:00 «Махаббатым, кеш мені!». 23:00 Концерт. 23:30 «Терминатор 2: Судный день». 02:00 «What's Up?». 02:50 Концерт.

ДИДАР
0 8.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.45 «Деген екен...». 12.15 «Айналайын». 12.50 «Дидар-60 жыл». 13.00 «Дидар». 13.30 «65 Добрых дел». 13.45 «Сағындырған әндер-ай». 15.30 «Неизведанный Казахстан». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Время шелкового пути». 17.05 «Ән шашу». 17.25 «Айналайын». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.05 Деректі 19.35 «Неизведанный Казахстан». 20.05 «Елбасы Жолдауы-ел ертеңі». 20.20 «Дидар-60 жыл». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

21.02.2019

QAZAQSTAN
0.6:05 Концерт. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «HIT QAZAQSTAN». 10:50 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ». 11:25 «Qyzyq eken...». 12:10 «Oralu». 13:00 AQPARAT. 13:15 «Ұлт мақтанышы». 13:40 «Ізdedім сені». 14:25 «Ертұғырыл». 15:20 «Айман-Шолпан». 17:00 AQPARAT. 17:15 ELDEN HABAR. 17:30 «JARQYN BEINE». 18:00 «Qyzyq eken...». 18:45 «Kóńil tolqyny». 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ». 20:00 AQPARAT. 20:55 «QAREKET». 21:50 «ОРАЛУ». 22:45 «ЕРТҰҒЫРЫЛ». 23:40 «Tungi studio». 00:15 AQPARAT. 01:05 ELDEN HABAR. 01:15 «Қалампыр». 01:50 ФУТБОЛ. 04:00 «Достар».

ХАБАР
0.6:00 «Әсем әуен». 07:00 «Тобот». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар. 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Өз үйім». 10:30 «Королева ночи». 12:00 Жаңалықтар. 12:15 «Сана». 12:40 «Новое поколение». 13:00 Новости. 13:15 «Дурная кровь». 15:00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». 16:00 «Сапарластар хикаясы». 17:00 «Тағдыр тартысы». 17:35 «Бабалар ізімен». 18:00 «Біздің назарда». 18:15 «Ойжүйрік». 19:00 «Бәсеке». 19:30 «Өз үйім». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Бетпе-бет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Спеши любить». 23:10 Khabar boxing. 00:40 «Сапарластар хикаясы». 01:40 «Әсем әуен».

КТК
0.7.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР». 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР». 09.20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР». 10.20 «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ». 12.20 НОВОСТИ. 13.00 «ШЕЛЕСТ». 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ». 18.00 «МАХАББАТ ПЕН ЖАЗА». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ШЕЛЕСТ». 23.40 «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ». 01.20 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ». 02.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ». 03.25-04.30 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР».

АСТАНА
0.6:00 Жаңалықтар 06:30 Новости «20:30». 07:00 «Таңдауым сен». 08:00 «Маша и медведь». 10:00 «Абысындар». 11:00 «№309». 12:00 «Күлпәштің хикаялары». 13:00 «Сырласу». 14:00 Күндізгі жаңалықтар. 14:15 «Щенячий патруль». 15:00 «Райское место». 17:00 «Кореялық келін». 19:00 «№309». 20:00 Жаңалықтар 20:30 Новости «20:30». 21:00 «Таңдауым сен». 22:00 «Абысындар». 23:00 «Келін бақыты». 00:00 «Келіндер». жобасы 00:40 «Ұрланған тағдыр». 01:50 Жаңалықтар 02:20 Новости «20:30». 02:50 «Қасиетті мекен». 03:20 «KazNet». 03:40 «Қалжың-қоржын».

7-АРНА
0. 6.00 «Контесса». 08.00 «Элиф». 09.00 «Учителя». 10.10 «Полет бабочки». 11.10 «Юрмала». 13.00 «Контесса». 15.00 «Өз ойым». 16.40 «Хозяйка». 18.40 «Q-елі». 19.00 «Жаңа келін». 20.00 «Элиф». 21.00 Лотерея 777 21.05 «Хозяйка». 23.00 «Жаңа келін». 00.10 The Эфир 00.40 «Учителя». 01.50 «Юрмала». 03.00 «Элиф». 03.45 «Өз ойым». 05.00 «Жеңіп көр».

31
0.5:40 «Жігіттер». 06:00 «Жігіттер». 07:00 Информбюро. 08:00 Концерт. 10:00 «Махаббатым, кеш мені!». 12:00 «Жігіттер». 14:00 «Келіндер бәйгесі». 15:00 «Воронины». 16:00 «Воронины». 18:00 «Сваты». 20:00 Информбюро. 21:00 «Махаббатым, кеш мені!». 23:00 Концерт. 23:30 «Невезучие». 01:00 «What's Up?». 01:50 Концерт.

ДИДАР
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.45 Деректі 12.15 «Айналайын». 12.50 «Дидар-60 жыл». 13.00 «Дидар». 13.30 «Елбасы Жолдауы-ел ертеңі». 13.45 «Ән салшы Роза». 15.30 «Неизведанный Казахстан». 16.00 «Хабарландыру». 17.00 «Ән шашу». 17.25 «Айналайын». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.35 «Мультфильм». 19.50 «Көкейтесті». 20.20 «Дидар-60 жыл». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

22.02.2019

QAZAQSTAN
0. 6:05 Концерт. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «HIT QAZAQSTAN». 10:50 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ». 11:25 «Qyzyq eken...». 12:10 «Oralu». 13:00 AQPARAT. 13:15 «Ұлт мақтанышы». 13:40 «Ізdedім сені». 14:25 «Ертұғырыл». 15:20 «Айман-Шолпан». 17:00 AQPARAT. 17:15 ELDEN HABAR. 17:30 «PARASAT MAIDANY». 00:20 AQPARAT. 01:15 «Қалампыр». 01:55 «Достар». 02:20 «Ұлт мақтанышы». 02:50 «Hit Qazaqstan». 03:40 «Ұлы дала ұлағаты-2».

ХАБАР
0.6:00 «Әсем әуен». 07:00 «Тобот». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар. 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Өз үйім». 10:30 «Королева ночи». 12:00 Жаңалықтар. 12:15 «Сана». 12:40 «Новое поколение». 13:00 Новости. 13:15 «Дурная кровь». 15:00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». 16:00 «Сапарластар хикаясы». 17:00 «Тағдыр тартысы». 17:35 «Бабалар ізімен». 18:00 «Біздің назарда». 18:15 «Ойжүйрік». 19:00 «Бәсеке». 19:30 «Өз үйім». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Бетпе-бет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Спеши любить». 23:10 Khabar boxing. 00:40 «Сапарластар хикаясы». 01:40 «Әсем әуен».

КТК
0.7.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР». 08.00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР». 09.20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР». 10.20 «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ». 12.20 НОВОСТИ. 13.00 «ШЕЛЕСТ». 15.00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ». 18.00 «МАХАББАТ ПЕН ЖАЗА». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ-2». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21.40 «ИГРА С ОГНЕМ». 01.10 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ». 01.50 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ». 03.20-04.20 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР».

АСТАНА
0.6:00 Жаңалықтар 06:30 Новости «20:30». 07:00 «Таңдауым сен». 08:00 «Маша и медведь». 10:00 «Абысындар». 11:00 «№309». 12:00 «Сағындырған әндер-ай». 13:20 «Щенячий патруль». 14:00 «Артур и минипуты». 16:00 «Тілім құрысын 2». 18:00 «Қаламгер». 18:20 «Біздің уақыт». 20:45 «Благотворители». 21:10 «Таңдауым сен». 22:00 «Абысындар». 23:00 «Адал дос». 01:40 «Сырласу». 02:20 «Әзілстан». 02:40 «Сырты бүтін...». 03:10 «Күлдірген». 03:30 «Қалжың-қоржын».

7-АРНА
0. 6.00 «Қыздар арасында». 06.30 «Себебі сен». 08.30 «Айнаонлайн». 09.00 Концерт «Парад звезд 23 февраля». 10.50 «Смешанные чувства». 12.45 «Большой юбилейный бенефис В.Винокура». 15.00 Концерт «Сәлем, Ұлы Дала». 15.40 «Q-елі». 16.20 Сольный концерт Е.Нуржанова «Ана қадірі». 18.30 «Ипырай». 19.30 «Гу-гулет». 20.00 «TELE Bingo». 20.40 «Q-елі». 21.00 Лотерея 777 21.05 «Скалолаз». 23.20 «Субботний вечер». 00.40 «Железнодорожные тигры». 03.00 «Себебі сен». 04.30 «Гу-гулет». 05.00 «Жеңіп көр».

31
0. 6:00 Концерт. 07:00 «What's Up?». 08:00 Ризамын. 09:00 «6 кадров». 09:30 «Готовим с Адель». 10:00 «Готовим с Адель». 10:30 «Лунтик». 11:30 Дайджесты. 12:00 «Жаужүрек мын бала». 15:00 «Сваты». 21:00 Айта берсін. 22:00 «Заттыбек Көпбосынұлы». 00:30 «What's Up?». 01:20 Концерт. 02:20 Концерт.

ДИДАР
0 8.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Ән шашу». 09.00 «Мульт ы». 09.30 «Қазақстан байтақ өлке». 10.00 «Дидар». 10.15 «Жібек сезім». 12.15 «Айналайын». 12.50 «Дидар-60 жыл». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жұмадағы жүздесу». 14.00 «Елбасы Жолдауы-ел ертеңі». 14.15 «Қазақстаным Атамекенім». 15.30 «Неизведанный Казахстан». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Бұл менің өмірім». 17.00 «Туған елдің түтіні». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18 35 «Хабарландыру». 19.05 «Салмақты сөз». 19.35 «Жезкиік». 20.00 «Сәлем». 21.00 «Панорама недели». 22.00 «Неизведанный Казахстан». 22.30 «Ән шашу». 23.00 «Апталық шолу».

23.02.2019

QAZAQSTAN
0.6:05 «Ulttyq arnada – umytylmas ander». 07:40 «Айналайын». 08:50 «Dara jol». 10:00 «Senbilik tań». 10:55 «Shipager». 11:45 «HIT QAZAQSTAN». 12:45 «Әзіл әлемі». 13:45 «КҮЛШЕҚЫЗ - 2». 15:00 «Ауыл сақшысы». 18:05 «Jaidarman». 20:00 «MINBER». 21:00 «MASELE». 21:35 «Qaiyrly kesh, Qazaqstan!». 23:15 «Жүректен шыққан әуен». 01:25 «Hit Qazaqstan». 02:15 «MASELE». 02:45 «Айналайын».

ХАБАР
0.6:00 «Тамаша». 07:00 Концерт. 8:50 «Өзін өзі тану». 9:00 «Мен - чемпион». 9:30 «Блинки Бил». 10:20 «Джамиля и Аладдин». 11:15 «Жаратылыс. Адамзат тарихына саяхат». 12:00 «Батыл жүрек». 12:45 «Бір туынды тарихы». 13:15 «Арқада салған ән қандай...». 15:15 «Спеши любить». 17:00 «Келінжан». 17:35 «Өз үйім». 19:15 «Қызық times». 20:15 «Миллион кімге бұйырады?». 21:00 «7 күн». 22:00 «Судья». 00:20 «Батыл жүрек». 01:10 «Вишневый сезон».

КТК
0.7.05 «БЕЛГІСІЗ ҚАНЫШЕР». 08.50 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТ». 09.30 НОВОСТИ. 10.10 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР». 11.10 «ИГРА С ОГНЕМ». 15.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ-2». 16.00 «БАҒА ЖЕТПЕС АСЫЛЫМ». 18.00 «ШАНШАР». 20.00 «ШОКАН УАЛИХАНОВ». 21.00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». 22.00 «ДЕРЖИ МЕНЯ ЗА РУКУ». 01.30 «СПАСИТЕ НАШУ СЕМЬЮ». 03.00 «БАҒА ЖЕТПЕС АСЫЛЫМ». 04.20 «БЕЛГІСІЗ ҚАНЫШЕР». 05.50-06.00 «КТКweb».

АСТАНА
0.6:00 Жаңалықтар 06:30 Новости «20:30». 07:00 «Таңдауым сен». 08:00 «Маша и медведь». 10:00 «Абысындар». 11:00 «№309». 12:00 Үздік әндер. 13:30 «Щенячий патруль». 14:30 «Трио в перьях». 16:00 «Тілім құрысын». 18:00 «Ел аузында». 19:00 «№309». 20:00 «Ел аузында». 19:00 «№309». 20:00 «Избранное за неделю». 20:45 «Новый курс». 21:00 «Таңдауым сен». 22:00 «Абысындар». 23:00 «Дивергент». 01:40 «Сырласу». 02:20 «Әзілстан». 02:40 «Сырты бүтін...». 03:10 «Қалжың-қоржын».

7-АРНА
0. 6.00 «Қыздар арасында». 06.30 «Себебі сен». 08.30 «Айнаонлайн». 09.00 «Субботний вечер». 11.10 «Раненое сердце». 15.00 Концерт «Сәлем, Ұлы Дала». 15.40 «Q-елі». 16.20 «Темиржол барыстары». 18.50 Концерт «Пародия кеші». 20.00 «Ипырай». 20.30 «Q-елі». 21.00 Лотерея 777 21.05 «План побега 2». 23.00 «Тюряга». 01.00 «Реальная мистика». 02.00 «Гадалка». 03.00 «Себебі сен». 04.30 «Гу-гулет». 05.00 «Жеңіп көр».

31
0. 6:00 Концерт. 07:00 Әзіл студио. 08:00 Ризамын. 09:30 «Сваты». 11:50 Айта берсін. 12:50 «Заттыбек Көпбосынұлы». 15:30 «ГРОМОБОЙ». 17:30 «ВАЛЕРИАН И ГОРОД ТЫСЯЧИ ПЛАНЕТ». 20:30 «Добрыня Никитич и Змей Горыныч». 22:00 «Жүрегім». 00:30 Концерт. 01:30 «What's Up?». 02:20 Концерт.

ДИДАР
0 8.00 «Гороскоп». 08.05 «Ән шашу». 08.15 «Жүрек тынысы». 09.00 «Панорама недели». 10.00 «Дидар». 10.15 «Жарай ма?». 12.00 «Туған елдің түтіні». 13.00 «Жезкиік». 13.20 «Салмақты сөз». 13.50 «Мультфильм». 14.00 «Апталық шолу». 15.00 «Бұл менің өмірім». 15.30 «Неизведанный Казахстан». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Ән шашу». 17.00 «Туған елдің түтіні». 18.00 «Өмір тынысы». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.55 «Неизведанный Казахстан». 19.25 «За строкой Послания». 19.40 «Шындағы шынар». 20.00 «Сәлем». 21.00 «В августе 44-го». 23.10 «Жүрек тынысы».

24.02.2019

QAZAQSTAN
0.6:05 «Qaiyrly kesh, Qazaqstan!». 7:55 «Айналайын». 9:05 «Aqsauyt». 9:30 «TAŃSHOLPAN». 10:45 «DARA JOL». 12:00 «ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТЫ-2». 12:30 «Абысындар». 13:05 «Аспан астында». 14:45 «Ауыл сақшысы». 5-8 18:00 Қазақ телевизиясына 60 жыл. 18:30 «Ulttyq arnada – umytylmas ander». 20:00 «APTA». 21:00 «ULY DALA SAZY». 22:05 «Kóńildi tapqyrlar alańy». 00:15 «Dara jol». 01:20 «Айналайын». 02:25 «Ұлы дала ұлағаты-2». 02:50 Қазақ телевизиясына 60 жыл 03:15 «Minber». 04:05 «Aqsauyt»..

ХАБАР
0.6:00 «Тамаша». 07:00 Концерт. 08:50 «Самопознание». 09:00 «Мен - чемпион». 09:30 «Блинки Бил». 10:15 «Джамиля и Аладдин». 11:00 «Қызық times». 12:00 «Миллион кімге бұйырады?». 12:50 «Батыл жүрек». 13:35 «Судья». 16:00 «Жалғыз жауқазын». 19:15 «Елге сәлем». 21:00 «7 күн». 22:00 «ZERDE». 22:30 «Начало». 23:20 «Батыл жүрек». 00:10 «Вишневый сезон». 01:00 «Әсем әуен».

КТК
0. 7.05 «АСЫЛЫМ». 08.50 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ». 09.50 «ЮРМАЛА». 11.10 «ДЕРЖИ МЕНЯ ЗА РУКУ». 15.00 «ӘКЕ». 16.20 «ШЫМ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Аяулы анамыз Гүлшайым Өтемісқызы САЛМЫРЗА!

Сізді 70 жастың биігіне шыққан мерейлі қуанышыңызбен шаттана құттықтаймыз!

Әкеміз Шоқан Хамитұлы екеуіңіз алты баланы тұмсықтыға шоқыттырмай,қанаттығақақтырмай аялап өсірдіңіздер. Әрқайсымыздың жеке тұлға, тамыры тереңде жатқан ата-баба тәрбиесінен тәлім алған азамат болып қалыптасуымызға күш салдыңыздар. Бүгінде әрқайсымыз бір-бір отау болып, Сіздердің немере-шөберелеріңізді тәрбиелеудеміз. Асқар тау әкеміздан айырылған тұста да қайғыға қайыспай, біздерді өмірге жігерлендіре білдіңіз. Қазір де біз және немерелеріңіз бен шөберелеріңіз Өзіңізді алып арқа тұтамыз. Сіз біз үшін әулеттің ұйытқысы, әлемдегі ең қымбатты жансыз! Сізге алда да немерелер мен шөберелердің қызығын көретін ұзақ ғұмыр тілейміз.

Кең даланы сиғызғандай жүрегің,
Әуелеттің әнін көкке бір елдің.
Самайыңа түссе-дағы ақ қырау,
Әрқайсымыз дейміз сені тірегім.

Асқар таудың білдірмедің жоқтығын,
Күйкі өмірден биік тұрды шоқтығың.
Әр баланды жеткізгенің аздай-ақ,
Немерелер десе сенде жоқ тыным...

Саған қарап ой түзейміз, Анашым,
Біздер үшін бүгін өзің дарасың.
Әкеміздің аманатын арқалап,
Белес емес, шыңға шығып барасың!
Таусылмасын мына өмірден аласың,
Анашым!

Ізгі ниетпен құттықтаушылар: ***балаларыңыз: Айгүл – Жылкелді, Ғалым – Назгүл, Айнұр, Гаухар – Өтеген, Сырым – Индира, Меруерт – Алмас, немерелеріңіз бен жиендеріңіз – Баян, Мадина, Кәусар, Камила, Ерасыл, Нұрасыл, Назым, Аружан, Жанасыл, Ақниет, Айасыл, Адалина, Нұрислам, Көркем, Аяна.***

МЕРЕЙ

СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНЕ СЕРГЕК ЖЕТКЕН

Теректі ауылының тұрғыны Жамантай МАХМҰТ бүгін сексеннің сеңгіріне шығып отыр. Өмір бойы шәкірт тәрбиелеп, оларды туған жердің тарихымен сусындатқан ардақты ұстаз – бүгінде немере тәрбиелеп, шөберенің қолынан су ішіп отырған ақсақал.

Балалық шағы ашаршылық жылдарымен тұспа тұс келген ақсақал Шәуілдір кентінде дүниеге келген. Нәубет жылдардан кейін ата-бабаларыныңң өсіп-өнген Арқа жеріне қайта оралады. Алғашқы білім әлеміне саяхатты Теректі стансасындағы бастауыш мектеп пен Жезқазған қаласындағы №8 орта мектебінде жасады. Одан кейін 1966 жылы Қарағанды педагогикалық институттың тарих факультетін тәмамдаған Жамантай ата Теректі ауылындағы №6 мектепке мұғалім болып орналасты. Қырық жылдан астам уақытын ұстаздыққа арнаған азамат бұл таңдауына әсте өкінген емес. Талай оқушыны түлетіп, талайын қанат қақтырған Жамантай ата бүгінде шәкірттерінің жеткен биігімен мақтанады. Оқушыларының алдыңғы қатары ат ұстаған ел ағалары болған. Ұстаз өз шәкіртінің ел игілігіне қызмет етіп, абыройлы атын шығарып жүргенін көргенде көзмайын тауысқан өз еңбегінің нәтижесін көріп марқаяды.

Ұстаз – әрқашан ізденісте жүріп, оқушылармен бірге жаңа дүниелерді танудан жалықпайтын маман. Өмірлік жолы көпті тамсандырып, еңбек тәжірибесі жас толқынға үлгі болатын ақсақал кітап та жазды. Мұғалімдерге көмекші болатын тарих пәнінен әдістеме құрастырды. Одан бөлек күйдің атасы атанған Құрманғазы Сағырбайұлына арналған және «Степлаг» лагері жайында жазған кітаптары да жарық көрген. «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» дейді дана халқымыз. Өмірден түйгені көп, айтары бар Жамантай Махмұт білгенін, ізденісін қағаз бетіне түсіріп, құнды кітаптар қатарын толықтырды. Әлі де бірнеше кітап жазу жоспарда бар, – деп сырымен бөлісті ақсақал.

Теректі ауылында Жамантай қартты тек ұлағатты ұстаз деп қана емес, сонымен қатар, сырнайшы деп те таниды. Ешқандай музыкалық білімі жоқ Жамантай ата «бұл анамнан дарыған асыл қасиет» дейді. «Әу» демейтін қазақ жоқ қой. Дегенмен, сырнайшының анасы Айшын заманында өзі өлең шығарып, ән айтып, ерекше дарынымен талайды тамсандырған көрінеді. Екінің біріне беріле бермейтін, ана сүтімен дарыған әншілігімен қызық-қуаныштың көркін қыздырып жүрген Жамантай Махмұт сырнайдан өзге де ұлттық аспаптарда құлақтың құрышын қандырып ойнайды. Бұл «Жігітке жеті өнер де аздың» дәлелі секілді.

Адам ұрпағымен ғұмырлы. Жамантай ата мен Ақжібек апа – төрт қыз бен бір ұлдың ата-анасы. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген балаларының бүгінде өз шаңырағы, нәсібін көріп отырған кәсібі бар. Анар, Гүлзада, Гүлбадан, Гүлшат және Еркіннен тараған 15 немере мен 5 шөбере өсіп келеді.

Айта кету керек, атаның жары Ақжібек Махмұтова да биыл сексен жасқа келеді. Бірақ, ата мен әжеге қарап, бұл жасты қимайсың. Екеуінің де қимылдары ширақ әрі тың. Бұл жасқа жеткен де арманда, жетпегенде арманда. Ғұмыры бір кітапқа пара-пар Жамантай Махмұт мерейтойын туған-туысын жинап атап өтуді жөн көріпті. Ендеше, біз де Жамантай атаға деніне саулық, ұрпағына бақыт пен береке, қазыналы қарттық тілейміз.

Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА

СПОРТ

БАСКЕТБОЛШЫЛАР БӘСЕКЕСІ

«Ұлытау» спорт кешенінде баскетболдан 2002-2003 жылдары туған жасөспірімдер мен қыздар арасында республикалық чемпионат басталды.

Баскетболдан республикалық чемпионат Жезқазғанда осыдан төрт жыл бұрын өткен екен. Биыл бұндай жарыстың қайтадан мысты қалада өтуі зор мәртебе. Бұл қала жастарының аталмыш спорт түріне деген қызығушылығын арттырып, сау ұрпақ тәрбиелеуге септесетіні сөзсіз.

9-15 ақпан аралығында өткен додада 19 команда бақ сынасты. 400-ге жуық баскетболшының басын қосқан жарыс спортшылардың кәсіби шеберліктерін сынаған алаңға айналды. Астана қаласынан 2 команда, Алматы қаласының командасы, Шымкент қаласынан ұлдар және қыздар командасы, Алматы облысының командасы, Батыс Қазақстан облысының ұлдар және қыздар командасы, Маңғыстау облысының ұлдар командасы, Түркістан облысының ұлдар және қыздар командасы, Павлодар қаласының ұлдар және қыздар командасы, Тараз қаласының ұлдар және қыздар командасы, Қызылорда қаласының ұлдар және қыздар командасы, Қарағанды облысының ұлдар және қыздар командасы жоғарғы деңгейдегі ойын көрсетті.

Жарыстың ашылу салтанатына арнайы қатысқан қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Дидар Мүтәліпов жас баскетболшыларға жеңіс тіледі. Доданың құрметті қонағы болған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жаттықтырушысы Иван Гайна спортшыларға тартысты ойын көрсетсін деп жылы лебізін жеткізді.

Жарыс қорытындысы бүгін ойын соңында белгілі болады. Жеңімпаз атанған командалар дипломдарымен және кубок, медальдармен марапатталады.

Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Бүгінгі таңда біреуге қамқор болу, қайырымдылық жасау қоғамға өте қажет екені жасырын емес. Өйткені, көмек қолына мұқтаж жандардың қатары жыл өткен сайын артпаса кемімек емес. «Көп түкірсе – көл» демекші, саусақ жұдырық болып біріксе, шешілмейтін түйін жоқ. Академик Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі қамқорлық жасауды үрдіске айналдырғаны қуантады. Кезекті қайырымдылық шарасы 2019 жылдың 10 қаңтарынан 10 ақпанға дейін жалғасты. Дәстүрлі «Қамқорлық» акция айлығына белсенді түрде атсалысып, үн қосқан ізгі жүректі азаматтарға сүйікті газетіміз «Saryarqa» арқылы зор алғысымызды білдіргіміз келеді.

Қайырымдылық қолын созған «Астана» сауда үйінің басшысы Б.Мұқашев, «Шаруа» базарының басшысы Е.Кенжебеков, зейнеткер Қ.Ділдәбаев, «Рокадо» ЖШС басшысы Л.Мартиросян, «Балсая» дәріханасының меңгерушісі С.Рахишова, «Матадор» мейрамханасының ұжымы, кәсіпкер Қ.Итқараев, мектеп-лицейіміздің ұстаздары Т.Сағындықова, Г.Ташенова, Ш.Сапиянова, Д.Орынбаева, Э.Жаналиева сияқты азаматтардың істеріне береке тілейміз.

Жоғарыда аталып өткен азаматтар мен жалпы мектеп-лицей ұжымының қолдауы, таратқан сыйлықтары балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Мектеп-лицейдегі қайырымдылық акцияларының өз дәрежесінде ұйымдастырылуы көп көңілінен шығып отырады. Бұл да білім ошағынның басшылығы мен ұжымының өз істеріне жауапкершілікпен қарап, қоғаммен жұмыс жасау қабілеттерінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Бұған қоса жомарт жүректі азаматтар мен кәсіпкерлердің қолдау білдіруі мен мектеп-лицей ұжымының бірлігі арқасында екенін атап өткеніміз жөн. Жалпы мектеп-лицейде бүгінгі таңда 65 аз қамтылған оқушы бар.

Аз қамтылған отбасылырға қолдау жасау ортақ міндетіміз деп түсінетін жомарт жүректі азаматтарға алғысымыз шексіз.

Мейірбек ТӨРЕЖАНОВ,
№7 мектеп-лицейі жанындағы ата-аналар университеті тәрағасының орынбасары

МЕКТЕП ХАБАРЫ

ГИДРОПОНИКА КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ

Бүгінде орта мектептерге заманауи білім берудің ажырамас бөлшегі іспеттес жаңалықтар көптеп енуде. Түрлі пәндерді тереңдетіп оқытып, оқушының жеке қабілеттерін ашуды көздейтін бұл жаңалықтар Жезқазған мектептеріне де жат емес. Жақында Кеңгір ауылындағы №2 мектепте гидропоника кабинеті салтанатты жағдайда ашылды.

Гидропоника – өсімдіктерді топырақсыз, жасанды ортада, қоректік заттардың судағы ерітіндісінде өсіру әдісі. Бұл әдіс бүгінде әлемдік деңгейде тиімділігін дәлелдеп, кең қолданысқа ие. Бұл әдістің басты артықшылығы өсімдікке керек заттар бірден оның тамырына беріледі және топырақ болмағандықтан түрлі зиянкестерден келетін қауіп-қатер жоқ. Экологиялық таза өнім алуға мүмкіндік беретін бұл әдіс сонымен бірге алынатын өнім көлемі тұрғысынан да пайдалы. Мұнда мысалы қиыр әдеттегіден 3-4 күн, қызанақ 15-18 күн бұрын өнім береді екен.

Жаңа үлгіде жарақтанған кабинеттің ашылуына Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, меценат Бекзат Алтынбеков, «Нұр Отан» партиясы Жезқазған қалалық филиалы тәрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов, Кеңгір ауылының әкімі Қанағат Жанпейісов, қала мектептерінің басшылары қатысты. Гидропоника кабинетінің ашылу лентасын Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, меценат Бекзат Алтынбеков, «Нұр Отан» партиясы Жезқазған қалалық филиалы тәрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов қиды.

Мектеп мұғалімі Елена Танкаева мен оқушылар Альмира Мейрамова, Перуза Айжанова қонақтарға кабинеттің жұмыс процесін, онда қолданылатын тың әдістер мен осыған дейін атқарылған жұмыстарды таныстырды. Эксперименттері қаңтар айында басталған кабинетте өсімдіктер гидропоника, аэропоника (өсімдіктің тамыр жүйесіне ауа бүрку), аквапоника (аквариум арқылы өсіру) әдістері қолданылып, бірқатар жетістіктерге қол жеткізілген. Қонақтарға кабинетте өсірілген дәнді дақылдар мен олардан жасалған сусындар ұсынылды.

Кабинеттің ашылуында сөз алған қонақтар мектеп ұжымына, осындай игі бастамаларға қолдау көрсеткен қала басшылығына, білім бөліміне алғыстарын айтты. Сый-сыяпат жасады. Жезқазған Бизнес және көлік колледжінің директоры Светлана Жумкина мектепке өз атынан 50 мың теңге қаржылай көмек көрсететінін жеткізсе, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Жезқазған аймақтық филиалының басшысы Қайрат Есболатов өзі үй жағдайында өсірген емен ағашының көшеттерін мектепке сыйға тартты.

Өз тілшіміз
Суретті түсірген **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАС ӘНШІЛЕР ЖЕҢІСІ

Ерекше даусы, ырғақты әндерімен аймақ жұртшылығының жүрегіне жол тапқан Перизат Несіпбаева қазір шәкірт тәрбиелеуге бет бұрды. Үш жыл бұрын «Самға» студиясының негізін қалаған ол бүгінде күміс көмей жас әншілерді баптап, жұлдызын жағуда. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, шәкірттері үлкен сахнаны бағындырып, өнер бәйгелерінен жүлделі оралуға барын салуда. Ұстазы Перизат үшін бұдан асқан мәртебе жоқ.

Жуырда Елордасы Астанада байрағын көтерген халықаралық «Бала шабыты» конкурсында Жезқазғанның намысын қорғаған төрт жас әншінің төртеуі де жүлдегер атанып, ұстазының ғана емес, қаланың мерейін асқақтатты. Конкурстың ең жас қатысушысы бес жасар Көркем Әбдіғамит «Келші, келші, балашым» әнін шырқап, жүлделі I орынды иеленсе, көптің көзіне жас ұялата «Бозторғай» әнін орындаған Нұрсұлтан Оразбек қола жүлдені еншіледі. Роза Рымбаеваның репертуарындағы «Күнге табыну» әнін жүректерге жеткізген Нұрғаным Сарбасова жүлделі II орыннан көрінді. Ал, көрерменнің ықыласына «Джамайка» әнімен бөленген Ерсін Ислам жезқазғандық әншілердің қоржынын бас жүлдемен толықтырды. Жас таланттардың көзін ашып, оларды сахна мәдениетінен бастап дауыс қоюға дейін үйретіп жүрген ұстазына да ұйымдастырушылар зор алғысын білдіріп, Алғыс хатпен марапаттағаны үлкен қуаныш.

Бұл «Самға» студиясы тәрбиеленушілерінің алғашқы жеңісі емес. Олардың Түркістан қаласында өткен халықаралық «Алаш үміті» конкурсында да бағы жанғанын айта кеткен жөн болар. Біржан, Диас, Нұрсұлтан мен Жаннұр және Қаламқас есімді шәкірттер жүлделі болды.

Ұлттық «Бала дауысы» конкурсына қатысуды мақсат еткен «Самға» студиясының тәрбиеленушілері қазір қызу жұмыс үстінде. Студияда Перизат Несіпбаевамен бірге вокалист Айман Диханқызы

алпыстан астам болашақ әншіні ән айтудың қыры мен сырына баулуда. Мамыр айында қала халқына есептік концерт ұсынуды жоспарлаған студия жетекшісі Перизат Несіпбаева шәкірттерінің талантын шыңдауға мүмкіндік берген ата-аналарға зор алғысын білдіреді.

– Әрбір бала өзінше тұлға. Және әрбіреуінің өзіндік өнерге жақындығы болады. Бауыр еті баласының икемін байқап, оны дамыта түсуде, жеңіске жігерлендіруде ата-аналардың рөлі зор. Сондықтан, шәкірттерімнің жеңісінде біріншіден ата-аналарының қажырлы еңбегі жатыр, – деген «Самға» студиясы жетекшісінің ісіне береке тілеп, шәкірттері жетістіктерімен қуанта берсін демекпіз.

Бота ШАЛҚАР